«Ақмола облысы білім басқармасының
Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» ММ
басшысы м.а. Тулебаев А.А

«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ – сі бойынша «АДАЛ АЗАМАТ» БҰРТҰТАС ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ НЕГІЗІНДЕ қыркүйек айында жоспарға сәйкес атқарылған тәрбие жұмыстар туралы ақпарат

2025 жылғы 1 қыркүйек күні Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде «Білім күні» мерекесіне орай салтанатты жиын өтті. Іс-шара 5 минуттық дене жаттығуымен басталып, Ақмола облысы білім басқармасының туризм, дене шынықтыру, алғашқы әскери және технологиялық дайындық орталығының 2025 жылғы 08 тамыздағы №392 шығыс хаты негізінде ұйымдастырылды.
Ұйымдастырушы дене шынықтыру пәні мұғалімі Темір Қ.М



https://www.instagram.com/reel/DOFi2IAggnN/?igsh=MXI4Ym41ZWNmajNjbg==

2025 жылдың 1 қыркүйек күні сағат 10:00-де Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де «Мектебім – мейірім мекенім» атты жаңа оқу жылының басталуына арналған салтанатты іс-шара өтті.
Мерекелік шараға оқушылар, ата-аналар және ұстаздар қауымы белсене қатысты. Шара барысында мектеп ауласы мерекелік көңіл күйге бөленіп, алғашқы қоңыраудың сыңғыры жаңа білім жолына бағыт сілтеді.
Мектеп директоры Сергазина Гульнара Темирбулатқызы барша қатысушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, білім жолында табыс тіледі. Сондай-ақ, Бозтал ауылдық округінің әкімі Алимжанова Гульнар Төлегенқызы да құттықтау сөз сөйлеп, оқушыларға сәттілік, ұстаздарға шыдамдылық пен шабыт тіледі.
Іс-шара барысында ата-аналар атынан сөз сөйлеген Қапаш Бақан апамыз да жаңа оқу жылымен барша мектеп ұжымын құттықтап, ұстаздарға қажырлы еңбек пен денсаулық, оқушыларға тек үздік бағалар мен биік жетістіктер тіледі. Ол ата-аналар тарапынан мектепке көрсетіліп жатқан қолдаулар жалғаса беретінін атап өтіп, ынтымақтастыққа алғысын білдірді. Салтанатты іс-шараны ұйымдастырушылар: 11 сынып жетекшісі Қыздарбекова А.Р. және 1 сынып жетекшісі Жолжақсы Ш.



https://www.instagram.com/reel/DODVy-DfAr/?igsh=MTM0bzJmanBwZzhkbw==

1 қыркүйек мерекелік жиыннан кейін 1–11 сыныптар арасында бірыңғай тақырыпта «Менің Отаным – Қазақстан» атты сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты:оқушыларға туған елі – Қазақстан туралы терең мағлұмат беру, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, елжандылыққа, патриоттық санаға тәрбиелеу. Сонымен қатар, Қазақстанның тарихы, мемлекеттік рәміздері, табиғаты мен ұлттық құндылықтары жайлы білімдерін кеңейту.



https://www.instagram.com/p/DODaHi9DcGA/?igsh=MTRkZzQ3Y3duOGloeg==

2025 жылғы 1 қыркүйек күні Бозтал ЖОББМ КММ-де «Мектебім – мейірім мекені» республикалық интервью-челленджі аясында 2–4 сынып оқушылары арасында «Жазғы демалыстың жарқын естеліктері» тақырыбында бейнесұхбаттар  Жумабекова М.С 2 сынып жетекшісі жүргізді.
5–8 сынып оқушыларының қатысуымен «Жаз – жаңа тәжірибе уақыты» тақырыбында қысқаша бейнесұхбаттар 5 сынып жетекшісі Қайрат Ақжібек жүргізді.
9–11 сынып оқушылары арасында «Арманым мен мақсатым» тақырыбында бейнесұхбаттар өткізілді. Жас түлектер болашақ мамандықтары, өмірлік мақсаттары және армандарына жету жолдары туралы ойларын ашық айтып, өз көзқарастарымен бөлісті. 9 сынып жетекшісі Кульжаханова А.Ж. жүргізді
Челлендж оқушылардың белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге үлкен мүмкіндік берді.
https://www.instagram.com/reel/DODwXP6DUxV/?igsh=ZmNoOWU5czU3d2Zo
https://www.instagram.com/reel/DODtuxXjQMy/?igsh=MWU3cTlxM2dkOTAzaA==
https://www.instagram.com/reel/DODumAsjT3e/?igsh=N3E1a3F5d3lqNWF2
Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай 2025 жылғы 05-18 қыркүйек аралығында өтетін онкүндік аясындағы іс-шаралар жоспары.
Ұйымдастырушылар: ГЦ әдістемелік бірлестігі.

5 қыркүйек 2025 жыл. Бүгін - Қазақстан халқы тілдері күні. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы тіл», деген екен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы.

1989 жылғы 22 қыркүйекте «Тілдер туралы» заң қабылданды. Ал мереке 1998 жылдан бастап тойланады. Сол жылдың 22 қыркүйегі Қазақстан халқы тілдері күні болып жарияланды. Алайда жиырма жылдан соң атаулы датаның күні өзгерді. 2017 жылдың күзінде Үкімет қаулысымен Тілдер күні 5 қыркүйекке ауыстырылды. Өйткені, 5 қыркүйек қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Сол себептен 2018 жылдан бастап атаулы датаның күні өзгеріп, 5 қыркүйекте мерекелене бастады.



«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ бойынша 2025 – 2026 оқу жылында 05 - 16 қыркүйек аралығында
Қазақстан халқының тілдері күні мерекесіне орай
«Тіл- татулық тірегі» атты онкүндіктің
ЖОСПАРЫ

| № | Іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар | Аяқтау нысаны |
|---|---|---|---|---|
| 1. | «Тіл –татулық тірегі» атты салтанатты жиын. Жұмыс жоспарын жасақтау. Мектеп аланын безендіру. | 5 қыркүйек | Гуманитарлық әдістемелік бірлестік жетекшісі Г. К Айтжанова | ГӘБ жетекшісіне ақпарат |
| 2. | «Тіл-халық қазынасы» атты кітап көрмесін ұйымдастыру | 5 қыркүйек | Кітапханашы А.Т.Секуова | ГӘБ жетекшісіне ақпарат, фото есеп |
| 3. | Жалпықазақстандық ашық диктант | қыркүйек сағ11.00 | ӘБ жетекшісі, тіл мамандары | ГӘБ жетекшісіне ақпарат, фото есеп |
| 4. | Эссе жазу байқауы «Менің тілім -менің болашағым» қазақ, орыс,ағылшын тілдерінде | 8 қыркүйек | Тіл мамандары | ГӘБ жетекшісіне ақпарат, фото есеп |
| 5. | Who is the cleverest? зияткерлік ойыны 7-8-9 сыныптар | 9 қыркүйек 15.30 | Синтикова А.К | ГӘБ жетекшісіне ақпарат, фото есеп |
| 6. | «Тіл жүйрікте кім жүйрік?» сыныптан тыс іс-шара 5-6-7 сыныптар | 10 қыркүйек 15.30 | Нурахметова Г.С | ГӘБ жетекшісіне ақпарат, фото есеп |
| 7. | «Тіл-достық көпірі» дебат турнирі 9-10-11 сыныптар | 11 қыркүйек 15:30 | Дебат клубының жетекшісі: Тоорохан Н | ГӘБ жетекшісіне ақпарат, фото есеп |
| 8. | « Полиглот» зияткерлік ойыны қазақ, орыс,ағылшын тілдері бойынша | 12 қыркүйек 15:30 | Копабаева Д.И Айтжанова Г.К Тоорохан Н | ГӘБ жетекшісіне ақпарат, фото есеп |
| 9. | «Тілім менің ғасырларға аманат» дөңгелек үстел 5-6 сыныптар | 15 қыркүйек | Өзін өзі басқару ұйымы | ГӘБ жетекшісіне ақпарат, фото есеп |
| 10. | «Тіл қазына,сөз-маржан » мәнерлеп оқу сайысы 0-1-2-3-4 сыныптар | 15 қыркүйек 15:30 | Бастауыш сынып мұғалімдері | ГӘБ жетекшісіне ақпарат, фото есеп |

https://www.instagram.com/p/DONubTxDX6d/?igsh=MWM5ZjFocmZidzN4aQ==

Мектебімізде «Тіл – татулық тірегі» атты салтанатты жиынға дайындық жұмыстары жүргізілді. Жиынның жұмыс жоспары жасақталып, мектеп алаңы безендірілді. Іс-шараны ұйымдастыруға Қоғамдық-гуманитарлық бірлестік жетекшісі Айтжанова Гүлнар Қабдулаевна және қоғамдық-гуманитарлық бірлестік ұстаздары белсене атсалысты.




https://www.instagram.com/p/DONuxfgDZ4E/?igsh=Nzdmbmg4N2Vha2l3

2025 жылғы 5 қыркүйек күні Бозтал ЖОББМ КММ-де «Тіл – татулық тірегі»атты онкүндіктің ашылу салтанаты өтті. Іс-шараның мақсаты – мемлекеттік тілді құрметтеу, тіл арқылы бірлік пен татулықты насихаттау, оқушылардың тіл мәдениетін арттыру, ұлттар арасындағы достықты нығайту болды.

Ашылу салтанатында оқушылар тіл туралы өлеңдер оқып, көркем сөздермен ой бөлісіп, сахналық қойылымдар көрсетті. Ұстаздар мен мектеп басшылығы тілдің – ел бірлігінің негізі екенін атап өтіп, барша қатысушыларға табысты онкүндік тіледі.



https://www.instagram.com/reel/DOSSMa0Av9N/?igsh=dTR6cGFueHRkaHFl

2025 жылғы 5 қыркүйек күні Бозтал ЖОББМ КММ-де «Тіл – халық қазынасы» атты тақырыптық кітап көрмесі ұйымдастырылды.
Көрмені мектеп кітапханашысы Секуова Алтын Төлегенқызы дайындап, оқушылар мен ұстаздарға тіл туралы мол мағлұмат беретін көркем және танымдық әдебиеттерді ұсынды.
Көрмеде қазақ тілі мен әдебиетіне, ұлттық мәдениет пен рухани мұраға арналған құнды еңбектер, ақын-жазушылардың шығармалары, мақалалар мен дәйексөздер қойылды.
Іс-шараның мақсаты – оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыру, әдеби мұра арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау болды. Көрмеге қатысушылар рухани байлықтың қайнар көзі – кітап екеніне тағы бір мәрте көз жеткізді.



https://www.instagram.com/p/DOSTT1cgkDL/?img_index=1&igsh=MXJidDdxZ2h6dThmZQ==

2025 жылғы 9 қыркүйекте Бозтал ЖОББМ КММ-де «Дүниежүзілік Тоғызқұмалақ күніне» орай ұлттық зияткерлік ойын – тоғызқұмалақ ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтті.
Шара «Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ спорт федерациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі №142 бұйрығына сәйкес өткізіліп, мұғалімдер арасында ұлттық ойынға деген қызығушылықты арттыруды көздеді.
Іс-шараны мектептің дене шынықтыру пәні мұғалімі Даулов Еркебулан Секенович ұйымдастырып, оқушыларға тоғызқұмалақ ойынының ережелері мен маңызын түсіндірді. Оқушылар мен мұғалімдер ойыңды қызығушылықпен ойнап, зияткерлік қабілеттерін таныта білді.



https://www.instagram.com/p/DOX2lQnDS-t/?igsh=Z2t6MHpta2xmeGt0

Спорт -денсаулық кепілі!
Таңғы жаттығу.
"Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасының негізінде  таңғы жаттығуды біздің оқушылар әр сейсенбі 1 ші сабақ беретін пән мұғалімдерімен бірге жасайды.
Мақсаты: 1. Таңертеңгі жаттығулардың маңыздылығын білу.

2.Таңертеңгі жаттығуларды жасауға дағдылану.
3.Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
Таңғы жаттығуға уақыт бөлсең, бір күн бойы шаршамай, өзіңе күш жинайсың. Сондықтан көбірек еңбектенуге мүмкіндік аласың.



https://www.instagram.com/p/DOYqEvOgg6A/?igsh=MWtkMTZtMGE0aTBzZw==

https://www.instagram.com/p/DOpzYqujV9Z/?igsh=Z2xwYnZzM3QzMjNh

2025 жылғы 9 қыркүйек «Тіл – татулық тірегі»атты онкүндік аясында Бозтал ЖОББМ КММ-де 7–8–9 сынып оқушылары арасында «Who is the cleverest?» атты зияткерлік сайыс ұйымдастырылды.
Іс-шараны  ағылшын тілі пәні мұғалімі Синтикова Ақерке Қанатқызы жоғары деңгейде өткізіп, оқушылардың білімін, тапқырлығын және шет тілін меңгеру деңгейін анықтауға бағыттады.
Сайыс бірнеше кезеңнен тұрды: грамматикалық тапсырмалар, сөздік қоры мен логикалық ойлау қабілетін тексеретін викториналар, сөйлеу дағдысын бағалайтын сұрақ-жауаптар. Қатысушылар белсенділік танытып, өздерінің жан-жақты білімдерін көрсетіп, бір-бірімен достық атмосферада сынға түсті.
Ойын оқушылардың шет тілін меңгеруге деген ынтасын арттырып, таным көкжиегін кеңейтуге үлкен септігін тигізді. Зияткерлік жарыс қызықты әрі тартысты өтті.



https://www.instagram.com/p/DOYuf1CgsOs/?igsh=YzYwYTdqNTdsbmFl

2025 жылғы 1–8 қыркүйек аралығында Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де терроризм мен экстремизмнің алдын алу бағытында жоспарлы ақпараттық-түсіндіру 5-10 сыныптарда жұмыстары жүргізілді.
Іс-шаралар Қазақстан Республикасы ҰҚК жергілікті департаменттерінің үйлестіруімен дайындалған бейнероликтер негізінде өтті. Атап айтқанда, келесі бейнематериалдар көрсетіліп, талқылау ұйымдастырылды:

- «Заңсыз діни білім жапа шектірмесін»
- «Деструктивті ақпараттан қалай сақтанамыз?»
- «Терроризм қаупі кезінде не істеу керек?»
- «Жат ағымдар туралы не білеміз?»
- «Опасный симбиоз»

Бейнероликтердің негізгі мақсаты — оқушылар мен педагогтерге радикалды идеологияның зиянын ұғындыру, терроризм актілері қаупі туындаған жағдайда әрекет ету ережелерімен таныстыру, сондай-ақ Қазақстан заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы түсінік беру.



https://www.instagram.com/p/DOc3W3bAlPJ/?img_index=11&igsh=MWY0N2kxNG5rMGUzcA==

«Тіл – татулық тірегі» апталығы аясында
10-11 сыныптар арасында «Тіл – достық көпірі» атты пікірсайыс ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – оқушылардың тілге деген құрметін арттыру, ой еркіндігін дамыту, өз көзқарасын дәлелдеп сөйлеуге баулу және көпұлтты елдегі татулық пен бірліктің маңызын ұғындыру.
Пікірсайыс барысында оқушылар қазақ тілінің қоғамдағы рөлі, тілдік мәдениет және ұлтаралық қарым-қатынастағы орны туралы өз ойларын ортаға салып, белсенділік танытты.
Іс-шараны қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Тороохан Нұржанар жоғары деңгейде ұйымдастырып, оқушылардың терең ойлау қабілеті мен шешендік өнерінің дамуына ықпал етті.



https://www.instagram.com/p/DOdgMrWDaqh/?igsh=MWQxdWZzYjQzazA1eA==

2025 жылғы 11 қыркүйекте өткізілген республикалық сайлау диктанты Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Іс-шараны қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Хасеин Ризабек Шакиртханұлы өткізіп, 11-сынып оқушыларына сайлау жүйесіне қатысты түсінік беріп, диктант жаздыру жұмыстарын сауатты жүргізді.
Мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және азаматтық белсенділігін қалыптастыру.
Шара соңында оқушылар өз ойларын ортаға салып, Конституция мен сайлау туралы білімдерін толықтырды.



https://www.instagram.com/p/DOdikv4Aum5/?igsh=MXZqZ2pvaWZqcDN4NQ==

«Тіл – татулық тірегі» атты тіл апталығы аясында мектептегі «Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен «Тілім менің – ғасырларға аманат» атты зияткерлік сайыс өткізілді.
Іс-шараны жетекші  Ристан Еркегүл ұйымдастырып, оқушыларды ана тілді құрметтеуге, тіл байлығын дамытуға, сөз өнерін бағалауға бағытталған мазмұнды тапсырмалар ұсынды.
Сайыс барысында оқушылар өздерінің тілге деген сүйіспеншілігін, білімдерін және шешендік қабілеттерін көрсетіп, тартысты әрі қызықты жарыс өрбіді.
Шара жас ұрпақтың тілге деген құрметін арттырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу жолында маңызға ие болды.



https://www.instagram.com/p/DOgCnR8DZdf/?igsh=cXFzMmZrN2Zpa2g=

11 қыркүйек күні «Тіл – татулық тірегі» апталығы аясында “Тіл жүйрікте – кім жүйрік?”атты танымдық іс-шара ұйымдастырылды.

Шараны қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Нұрахметова Гаухар Сапарбекқызы жоғары деңгейде өткізіп, оқушылардың тіл байлығын, шешендік өнерін, ойлау қабілетін дамытуға ықпал етті.

Іс-шара барысында оқушылар тілге қатысты түрлі тапсырмалар орындап, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, тіл өнеріне қатысты сұрақтар бойынша білімдерін сынға салды.

Бұл шара оқушылардың ана тіліне деген қызығушылығын арттырып, тілді құрметтеуге баулу жолында тәрбиелік мәнге ие болды.



https://www.instagram.com/p/DOiQHDfjfNW/?igsh=Zm11YTFpYXZkYWtm

Сіздерді 14 қыркүйек – Отбасы күнімен шын жүректен құттықтаймыз!
Отбасы – адамның өміріндегі ең басты құндылықтардың бірі. Ол – мейірім мен махаббаттың, сыйластық пен сенімнің алтын бесігі. Әр шаңырақта татулық пен түсіністік, қуаныш пен береке үстемдік етсін!
Өзін-өзі басқару ұйымы атынан әр отбасыға амандық, бақыт, бірлік және махаббат тілейміз. Отбасыңыз – әрдайым мықты тірегіңіз, ал мектебіміз – екінші үйіңіз болсын!
Отбасы – қоғамның жүрегі, болашақтың бастауы!
Ізгі тілекпен,
Өзін-өзі басқару ұйымы
https://www.instagram.com/reel/DOloqS5Eo1a/?igsh=c3N1cTFzdW80NzFt
«Булингтен қорған» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді

2025 жылдың 15 қыркүйек күні мектеп оқушылары арасында «Булингтен қорған» атты тәрбие бағытындағы сынып сағаттары ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – білім алушыларға қорлау мен қудалау (булинг) ұғымын түсіндіру, оның түрлері мен салдарын ашып көрсету, сондай-ақ буллингке қарсы тұрудың жолдарын үйрету болды.

Сынып сағаттарында:
- Булингтің психологиялық және әлеуметтік әсері туралы бейнероликтер көрсетілді;
- Оқушылар мен мұғалімдер арасында пікір алмасу ұйымдастырылды;
- «Жақсылық жаса», «Сөз – күш» секілді ұрандармен шағын топтық тапсырмалар орындалды.

Сынып жетекшілері оқушылардың құқықтарын қорғау, өз-өзіне деген сенімділікті арттыру, достық пен сыйластық атмосферасын қалыптастыру жайлы түсінік берді.



https://www.instagram.com/p/DOniI7kDQWw/?igsh=MXA4cWUzMmx2eWhvcw==

2025 жылдың 12 қыркүйек күні мектебімізде Дүниежүзілік денсаулық күніне орай 6-7 сынып оқушылары арасында «Кім жылдам?» атты эстафеталық жарыс ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты — оқушылардың дене белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, сондай-ақ ұйымшылдық пен достық қарым-қатынасты нығайту болды.

Жарыс барысында оқушылар әртүрлі спорттық кезеңдерден өтіп, шапшаңдықтары менептіліктерін, жылдам әрі ұтымды шешім қабылдай білу қабілеттерін көрсетті. Қатысушылардың белсенділігі мен ынтасы жоғары болды, жанкүйерлер де қолдау білдіріп, ерекше көңіл-күй сыйлады.

Жарысты дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Темір Қалдыбай Мирашұлы кәсіби деңгейде ұйымдастырып, оқушыларға спорт арқылы сергектік пен жігер сыйлай білді.



https://www.instagram.com/p/DOnyh-CDSi7/?igsh=bjZkMTNhM3M0NWg2

2025 жылдың қыркүйек айында өтіп жатқан «Тіл – татулық тірегі» апталығы аясында бастауыш сыныптар арасында «Тіл қазына, сөз маржан» атты мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.
Сайыстың мақсаты – оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, көркем сөйлеу шеберлігін дамыту және ұлттық құндылықтарды дәріптеу болды.



https://www.instagram.com/p/DOoIf2kgg3l/?igsh=MXRlemw4NjgwMnptbA==

«Тіл – татулық тірегі» атты Тілдер апталығының жабылу кеші 2025 жылдың 16-шы қыркүйек күні «Тіл – халық қазынасы» тақырыбында мазмұнды әрі тағылымды түрде өткізілді.
Іс-шара барысында оқушылар ана тіліміздің құдіретін ұлықтап, өз өнерлерін паш етті. Кеште мәнерлеп оқу, көркем сөз, ән-жыр, сахналық қойылымдар арқылы тілдің ел бірлігіндегі, руханияттағы орны терең насихатталды.
Шараның басты мақсаты – жас ұрпаққа мемлекеттік тілді құрметтеу, оны сақтау мен дамыту идеясын сіңіру, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болды.
Апталық қорытындысы ретінде белсенді қатысушылар марапатталып, ұстаздар мен оқушыларға алғыс білдірілді.
«Тіл – ұлттың жаны, халықтың қазынасы» деген ұранмен өткен бұл кеш – ұрпақ санасына рухани серпін сыйлаған тағылымды жиын болды.



https://www.instagram.com/p/DOtBAj6jWKY/?igsh=MW16YWtmM2NmN3BnbQ==

2025 жылғы 19 қыркүйек күні сағат 15:30-да мектебімізде «Мектеп пен отбасы: адал әрі жауапты азаматты тәрбиелеудегі өзара ынтымақтастық» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс аясында мектеп ата-аналар комитетінің І отырысы ұйымдастырылып, келесі мәселелер қаралды:
1. Мектеп директоры Сергазинова Гульнара Темирбулатовна «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсаты» тақырыбында кіріспе сөз сөйлеп, бағдарламаның негізгі бағыттары мен мектептегі тәрбие жұмысының өзектілігін атап өтті.
2. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Кожахметова А. ата-ана мен мектептің бірлескен жұмысының маңызын ашып, жүйелі тәрбие жұмыстары жөнінде баяндама жасады.
3. Сергіту сәті ұйымдастырылып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.
4. 8-сынып жетекшісі Копабаева Д.И. «Сыныптағы жағымды ахуал – қолайлы орта мен тұлға дамуының негізі» тақырыбында ой бөлісті.
5. Жиналыс соңында мектеп психологы Тороохан Нуржанар ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне байланысты мазмұнды тренинг ұйымдастырып, тәжірибелік кеңестер берді.

Жиналыс жоғары деңгейде өтіп, ата-аналар тарапынан белсенділік пен қызығушылық байқалды.




https://www.instagram.com/reel/DOyo59FjfOk/?igsh=MWg2bmdmYzZzY3RmMQ==

2025 жылғы 19 қыркүйекте Астана уақыты бойынша сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында және «Өркен» БӘАҰПИ КеАҚ ұйымдастыруымен «Менің мектебім – буллингке қарсы» тақырыбында республикалық флешмоб өткізілді. Ұйымдастырушылар жас мамандар Кайроллаева А., Байбекова М., Нурахметова Г.

https://www.instagram.com/reel/DOz8Wx2ArXx/?igsh=bDUwZDh0eng2ajBp

«Еңбек – түбі береке» тақырыбында тәрбие бағытындағы сынып сағаттары өткізілді.

Іс-шараның басты мақсаты – оқушылардың еңбекке деген құрметін арттыру, ата кәсіпке баулу, еңбек адамын дәріптеу арқылы жауапкершілік пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу болды.

Сынып сағаттары барысында оқушылар еңбек құндылығы, еңбек адамдарының өмірі, өз отбасындағы еңбек үлгісі жайында пікір алмасып, түрлі бейнематериалдар мен көрнекіліктер арқылы ақпарат алды. Кейбір сыныптарда еңбек тақырыбында шығармалар оқылып, қызықты ойындар ұйымдастырылды.




https://www.instagram.com/p/DO5OF7ljQ-n/?igsh=YXBsazc4aWJ4OTU=

Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-інде мектеп әкімшілігі мен ұжым мүшелерінің бірлесе қатысуымен "Таза бейсенбі" акциясы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында мектеп ауласы мен айналасы санитарлық тазартылып,  жұмыстары жүргізілді. Ұжым мүшелері белсенділік танытып, еңбекке деген жауапкершілігі мен табиғатқа деген құрметін көрсетті. Бұл шараның басты мақсаты — оқушыларға үлгі бола отырып, қоршаған ортаны таза ұстауға баулу және ұжымдық мәдениетті қалыптастыру.



https://www.instagram.com/p/DPBl0QXjWKB/?igsh=dnhlcHlldWJuZGEw

Ақмола облысының білім басқармасы құзырлы мемлекеттік органдармен кәмелетке толмағандар мен жастар арасында және оларға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқықтық мәдениетті арттыру және өскелең ұрпақтың құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында ағымдағы жылдың 26 қыркүйегінде сағат 15-00-де Ақмола облысы колледждерінің студенттері мен мектеп оқушыларының қатысуымен ашық диалог форматында «құқықтық сағат» ұйымдастырады.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ОСЫНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ:

* «Жасөспірімдер жасаған қылмыстардың себептері мен шарттары туралы».
Баяндамашы: Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының ювеналды полиция тобының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция подполковнигі Айнагүл Асылбекқызы Қуандықова
* «Жасөспірімдер арасындағы топтық төбелес пен бопсалау».
Баяндамашы:Полиция департаментінің криминалдық полиция басқармасының жедел уәкілі Жусупова Камилла Булатовна
* Дроппер кімдер? Қалай Дроппер болмауға болады».
Спикерлер:Полиция департаментінің киберқылмыспен күрес басқармасының жедел уәкілі Назарова Бекзат Ағиыққызы
Кеңес Алдияр Кенжешұлы, Көкшетау қалалық ІІБ криминалдық полиция бөлімінің жедел уәкілі
* «Есірткіге байланысты құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершілік.Заңнамадағы өзгерістер есірткі қылмысына қарсы күрес саласында».
Баяндамашы: Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасы бастығының орынбасары Досанов Дархан Тұрлыбекұлы
* «Ерте жүктіліктің алдын алу»
Баяндамашы: Қалалық емхана бас дәрігерінің орынбасары Әлпілам Жұлдыз
* "Өрт кезіндегі шаралар"
Баяндамашы: Көкшетау қалалық Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері Молдағұлов Руслан Берікұлы

Осы бекітілген күн тәртібі аясында өткізілген маңызды профилактикалық іс-шараларға Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-нің 8, 9, 10-сынып оқушылары онлайн форматта

белсенді түрде қатысып, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, киберқауіпсіздік, есірткі қылмысы, ерте жүктіліктің салдары, төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттер сынды өзекті тақырыптар бойынша мазмұнды ақпараттар алды.



https://www.instagram.com/p/DPEw127jd9V/?igsh=Ym9leG4xdTJiZ2s3

Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де Қарттар күніне орай «Қарттың сөзі – ақылдың көзі» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды.  Мақсаты – оқушыларға үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету.




https://www.instagram.com/reel/DPOqE_NAiM9/?igsh=YzF1cmVtOGRmdHZ0

Ұстаздар күніне орай мектебімізде мұғалімдерге арналған ерекше көңілді квест-ойын өзін-өзі басқару ұйымы ұйымдастырды. Шығармашылық атмосфера мен мерекелік көңіл-күй сыйлады.
Квест барысында ұстаздарымыз «Мақал-мәтелді жалғастыр» қызықты тапсырмаларды орындады.
Бұл іс-шараның басты мақсаты – әріптестеріміздің ұйымшылдығын арттырып, жұмыс ортасын серпілту, шығармашылығын қолдау және көтеріңкі көңіл-күй сыйлау болды. Ұстаздарымыз белсенді қатысып, өзара қолдау көрсетіп, ұмытылмас әсер алды. Квест ойын тартысты әрі көңілді өтті!
https://www.instagram.com/p/DPMVRlrjarO/?igsh=eGd5aHVpbGlsa2l2

Мектебімізде әр дүйсенбі Мемлекеттік Әнұран орындалып тұрады.
Әр сейсенбі 5 минуттік физ минутка ұйымдастырып тұрады. Оған жауапты пән мұғалімдері , әлеуметтік желіге жүктеліп тұрады.



Және әр бейсенбі «Таза бейсенбі» ұйымдастылып әлеуметтік желіге жүктеледі. Жауапты сынып жетекшілер.



"Ұстазыңды құттықта!" республикалық челленджі басталды. Акция ұстаздардың мәртебесін көтеріп, қазақстандықтарды алғыс айтуға шақырады
Мақсаты - мұғалімнің мәртебесін көтеру, осы мамандықты насихаттау және әр адамның өмірінде тәлімгерлердің атқаратын ерекше рөлін қоғамға еске салу.
Білім беру министрлігінің мәлімдеуінше, мұғалім - жай ғана мамандық емес, бұл -миссия. Себебі педагогтар елдің болашағын қалыптастырып, білім беріп, жаңа буынды тәрбиелеп, балалардың қабілетін ашуға көмектеседі.
Білім беру министрлігі "Ұстазыңды құттықта!" республикалық челленджін бастайды. Оған кез келген адам қатыса алады: әлеуметтік желіде #Ұстазыңдықұттықта және #Поздравь Учителя хэштегтерімен құттықтау жариялау, өз мұғаліміне қоңырау шалу, хат немесе ашық хат жолдау, не жылы естелікпен бөлісу жеткілікті.
Ұстаздар күні құтты болсын!
"Бозтал ауылының ЖОББМ" КММ-сі "Ұстазыңды құттықта!"атты республикалық челленджді "Торғай ауылының ЖОББМ КММ-не жолдайды



https://www.instagram.com/reel/DPQgTwlDbT_/?igsh=bjQyZHZiOTZuam8w
Ұстаздар күніне орай мектебіміздің оқушыларының бастамасымен "Жүректен жүрекке – ұстазға алғыс" атты алғыс айту галереясы ұйымдастырылды. Бұл галерея – шәкірт пен ұстаз арасындағы рухани байланысты тереңдетіп, ұстаз еңбегінің қаншалықты құрметке лайық екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.




https://www.instagram.com/reel/DPQz8JmDaEj/?igsh=ejR0dmMwbDAwN3cx
«Үлгі тұтатын ұстазым» тақырыбында ашық микрофон шарасы ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың ұстазға деген құрметін арттыру, олардың жүрегінде тәлім берген, үлгі болатын мұғалімдердің рөлін айқындау болды. Ашық микрофон барысында оқушылар өздері үлгі тұтатын ұстаздары туралы әсерлі естеліктер айтып, алғыс пен тілектерін білдірді.
Бұл шара ұстаздар мен оқушылар арасындағы рухани байланысты нығайтып, ұлағатты ұстаздың еңбегінің маңызын тағы бір мәрте көрсетті




https://www.instagram.com/reel/DPQ2ejgDYUT/?igsh=MTNyc3J4bGZzdHFsdA==
Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де Ұстаздар күніне орай «Алғыс айту ағашы» атты ерекше әрі тәрбиелік мәні зор шара ұйымдастырылды.
Іс-шараның мақсаты – оқушылардың ұстаздарға деген алғысы мен құрметін білдіруге мүмкіндік беру.
Ұйымдастырушылар: 11-сынып оқушылары.
Ағаштың әр бұтағына оқушылар жүрекжарды тілектерін, жылы сөздері мен алғыс хаттарын жазып ілді. Бұл шара ұстаздардың көңілін көтеріп, мерекелік рух сыйлады. Сонымен қатар, оқушылар бойында ризашылық сезімін қалыптастыруға үлкен септігін тигізді.




https://www.instagram.com/reel/DPQ-hUDDe9X/?igsh=MThjNWt2NXluZzBkOQ==
1 қазан – Қарттар күніне орай мектепалды даярлық сыныбымен арнайы тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Іс-шараны тәрбиеші Амиржанова Умит  Ахметовна өткізді.

Тәрбие сағатының мақсаты – жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап, тыңдай білуге баулу, ұлттық салт-дәстүрден тағылым алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу болды.

Іс-шара барысында оқушылар қарттар туралы тақпақтар айтып, әндер орындап, үлкендерге деген құрмет пен алғыс сезімдерін білдірді. Балалардың жүрек жарды жылы лебіздері мен ықыласы көрермендерді тебірентіп, әсерлі сәттерге толы болды.




https://www.instagram.com/p/DPTW547DK7A/?igsh=cXhwcnB4emtsdjJ3

«Ұстазға деген шексіз құрмет» апталығы аясында Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де 6-сынып оқушылары арасында тәрбиелік мәні зор дөңгелек үстел ұйымдастырылды.
Іс-шараны ұйымдастырған – аға тәлімгер Ристан Еркегүл.
Сынып жетекшісі А.Қайраттың бастамасымен ардагер ұстаз Ж.С.Қантарбаева туралы арнайы слайд көрсетіліп, жас ұрпаққа тағылым боларлық өнегелі еңбек жолы таныстырылды. Сонымен қатар, педагогикалық әулеттің өкілі, педагог династиясының негізін қалаған З.Төлеубаев туралы бейнеролик көрсетіліп, оқушылар оның білім саласына қосқан үлесімен танысты.
Іс-шараның мақсаты – ұстаз еңбегін құрметтей отырып, оқушылар бойында үлкенге деген сыйластық пен алғыс сезімін қалыптастыру, мұғалімді үлгі ете отырып, рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.
Шара соңында оқушылар өз ойларын ортаға салып, ұстаздарға жүрекжарды алғыс сөздерін арнады.



https://www.instagram.com/p/DPVd9EiAn5b/?igsh=Y24xZjdqcThqZjUx

Құрметті Ұстаздар!
Саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған сіздерге деген алғыс пен құрмет шексіз.
Оқушылардың жүректен шыққан ақ тілектері мен ыстық лебіздерін қабыл алыңыздар!

Бұл – сіздердің маңдай тер еңбектеріңіздің, адал ниеттеріңіздің, шексіз шыдамдылық пен сүйіспеншіліктің жемісі.
Сіздерге мықты денсаулық, шығармашылық шабыт, шәкірттеріңіздің қуанышы мен жетістіктері көп болсын деп тілейміз!







https://www.instagram.com/reel/DPVki8cjY-Q/?igsh=Z3d0MmxvNXhtaDkx
Ұстаздар күніне орай ата-аналар қауымы өздерінің алғыс пен құрметке толы жүрекжарды лебіздерін жеткізді.
Бұл — ұстаз бен ата-ана арасындағы сенім мен бірліктің, сыйластықтың көрінісі болды.






https://www.instagram.com/reel/DPV9-dljbSY/?igsh=bGFlY3U3ank2YmN5
Ұстаздар күніне орай мектебімізде дәстүрлі «Дублёр күні» ұйымдастырылды. Бұл ерекше күнде 10-11 сынып оқушылары ұстаздардың орнына сабақ беріп, мұғалім мамандығының жауапкершілігі мен қадірін сезінді.
Жауапты дублёрлер өз пәндерін үлкен жауапкершілікпен жүргізіп, бастауыш сыныптан жоғары сыныптарға дейінгі оқушылармен жұмыс жасап, нағыз ұстаз болудың оңай еместігін тәжірибе жүзінде көрді.
Іс-шараның мақсаты – оқушылар бойында ұстаз мамандығына деген құрметті арттырып, болашаққа кәсіби бағыт-бағдар беру.





Шараны ұйымдастыруға атсалысқан 10-11 сынып оқушыларына алғыс білдіреміз!
https://www.instagram.com/reel/DPX6otCkQ4o/?igsh=MTFoNW55a21xeHNpeQ==
Мектебіміздің түлегі,Алматы қаласы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының студенті Қайролла Есендір ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта» атты челлендж аясында туған мектебі — Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-індегі ұстаздарына арнап жүрекжарды құттықтауын жолдады.

Ол өз құттықтауында ұстаздарының білім мен тәрбие жолындағы еңбегін ерекше ықыласпен атап өтіп, алғысын білдірді. Жеткен жетістіктерінің негізінде мектеп қабырғасындағы білім мен тәрбие жатқанын айта отырып, әр мұғалімге шынайы ризашылығын жеткізді.
Қайролла Есендірдің бұл ілтипаты — ұстаз еңбегінің бағалануы мен шәкірттің биікке самғаған айқын көрінісі. Осындай шәкірттеріміздің елге танылып, жүректен шыққан құттықтауы барша ұжым үшін үлкен қуаныш!
https://www.instagram.com/reel/DPbo7ZuFFz2/?igsh=bGhxb3I2bmpycDAz
«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ұжым қызметкерлерінің қатысуымен сенбілік ұйымдастырылды. Іс-шара барысында мектеп аумағы мен айналасы тазартылып, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау, еңбекке баулу мақсат етілді. Ұжым бірлігі мен белсенділігі нәтижесінде мектеп ауласы таза әрі жинақы күйге келтірілді. Бұл – салауатты, экологиялық мәдениеті жоғары орта қалыптастырудағы маңызды қадам.




https://www.instagram.com/p/DPqyPWODbCo/?igsh=MW00emM5a2k5ZDNtbg==
«Цифрлық әлемде қауіпсіздік – қоғамның тұрақты дамуының кепілі» тақырыбында мектебімізде сынып сағаттары ұйымдастырылды.
Мақсаты – оқушыларға интернеттегі жеке деректердің құпиялығы, әлеуметтік желілерде өзін-өзі дұрыс ұстау, кибербуллингтен қорғану жолдары, фейк ақпаратты ажырату және цифрлық мәдениетті қалыптастыру туралы мағлұмат беру.

Сынып сағаттары барысында оқушылар заманауи технологиялармен жұмыс істеу кезінде сақтық шараларын үйреніп, қауіпсіз цифрлық орта қалыптастырудың маңызын түсінді.
Бұл тәрбие сағаты балалардың саналы азамат болып қалыптасуына, ақпараттық сауаттылығын арттыруға және өз құқықтарын қорғауға септігін тигізді.




https://www.instagram.com/p/DPvnya-DU4R/?igsh=MXR0bngwMzh4OTd5aA==

Оңалбек Мұратұлының игі ісі – шынайы жомарттықтың жарқын үлгісі!

Мектебіміздің шағын орталығына шаңсорғыш пен бүлдіршіндерге арналған горшоктар тарту етіп, демеушілік қолдау көрсеткеніңіз үшін Сізге шексіз алғыс білдіреміз!
Жомарт жүрегіңіз бен ел болашағы – балаларға деген жанашыр көңіліңіз бізді қуантты. Осындай қайырымды азаматтарымыздың арқасында білім ордасының әлеуеті артып, тәрбиеленушілер үшін қолайлы орта қалыптасуда.
Оңалбек Мұратұлы, кәсібіңіз өркендеп, әр ісіңіз берекелі болсын! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, жұмысыңызға табыс тілейміз!
Ізгі ниетпен – мектеп ұжымы.



https://www.instagram.com/p/DPwZE6JgggG/?igsh=OWVqYmRueDJ0cjA0

Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де  8-9-10 сынып оқушылары арасында «Интернет желісіндегі деструктивті діни ағымдардан сақтану» тақырыбында түсіндіру жұмысы жүргізілді.
Аталған тақырып бойынша Ерейментау ауданы ішкі саясат бөлімінің маманы Тойғылы Дінмұхаммед және Еркебұлан Олжабайұлы қатысып, жасөспірімдерге интернет кеңістігінде тарап жатқан жат діни ағымдардың белгілері, олардың зияны, әсер ету жолдары және олардан қалай сақтану керектігі жайында кең әрі мазмұнды ақпарат берді.
Кездесу барысында оқушылармен кері байланыс орнатылып, сұрақтарға жауап берілді. Дәрістің  негізгі мақсаты – оқушылардың діни сауаттылығын арттырып, деструктивті діни идеологиялардың алдын алу.



https://www.instagram.com/p/DPyvHJzAjR1/?igsh=cHgxejdlbGF5bHNm

«Адал азамат» біртұтас бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Еңбек адал-жас өрен » жобасы бойынша «Күзгі асар» атты қайырымдылық іс-шарасы ұйымдастырылды.
Іс-шараға мектеп оқушылары, ата-аналар қауымы мен мұғалімдер белсенді түрде атсалысты.
Іс-шараның мақсаты мен міндеттері:

 Оқушылардың бойына еңбекке деген сүйіспеншілік пен құрметті дарыту;

 Ата-бабамыздың «Асар» дәстүрін жаңғырта отырып, ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарды насихаттау;

 Қоғамға пайда әкелу мен жақсылық жасауға баулу;

 Жанашырлық пен адамгершілікке тәрбиелеу;

 Мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Бұл шара жас ұрпақты адал еңбек етуге, бір-біріне қол ұшын созуға және әлеуметтік жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеуді көздейді.

  

https://www.instagram.com/reel/DP4RyhlDZU-/?igsh=eGk2cDdxZ2UzdG5s
https://www.instagram.com/p/DP4SY1ijRLM/?img_index=3&igsh=MXZuOW8zMG05aWhiZQ==

«Адал азамат» біртұтас бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан «Еңбек – адал жас өрен» жобасы бойынша «Күзгі пейзаж» сурет байқауы ұйымдастырылды.

Байқаудың мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, еңбекке, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, сондай-ақ адалдық, еңбекқорлық, сұлулықты сезіну сынды адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Іс-шара барысында оқушылар күз мезгілінің әсем көріністерін өз қиялымен бейнелеп, сурет арқылы табиғаттың сұлулығын жеткізуге тырысты. Әр суреттен балғын жүректің мейірімі мен шабытын байқауға болады.
Іс-шараны ұйымдастырушылар:
– Қайрат Ақжібек
– Байбекова Мадина Жанатқызы
Бұл байқау оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың бойында адалдық пен еңбекқорлық құндылықтарын қалыптастыруға өз үлесін қосты.




https://www.instagram.com/reel/DP4S4VDRH4/?igsh=MWU5cXZhMzNhbWM3OQ==
«Күзгі келбет – 2025» қолөнер көрмесі ұйымдастырылды
Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де «Күзгі келбет – 2025» атты қолөнер көрмесі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, еңбекке баулу, табиғатты аялауға, маусымдық ерекшеліктерді көркем жеткізуге баулу.
Көрмеге әр сынып оқушылары мен сынып жетекшілері ерекше дайындықпен қатысып, күз тақырыбындағы түрлі қолөнер бұйымдарын, табиғи материалдардан жасалған көркем композицияларды ұсынды. Жұмыстар эстетикалық талғаммен жасалып, шығармашылық ізденіс пен еңбекқорлықтың нәтижесін көрсетті.
Іс-шараны ұйымдастырушылар:
- Көркем еңбек пәні мұғалімі Даулов Еркебулан Секенович
- Көркем еңбек пәні мұғалімі Шакиртхан Келгенбек
- Бастауыш сынып мұғалімі Рахимова Куралай Гайратқызы

Көрме барысында оқушылар өз туындылары арқылы күздің көркем келбетін бейнелеп, көрермендер тарапынан жоғары бағаланды. Іс-шара мектеп ұжымының бірлескен еңбегі мен шығармашылық белсенділігінің жарқын көрінісі болды.

https://www.instagram.com/reel/DP5c5kzAmTK/?igsh=MXRuN3FkaTZ5bjdwMg==
Ақмола облысының білім басқармасы" Қазақ тілі" қоғамы мен Ш. Шаяхметов атындағы "Тіл-қазына" ұлттық ғылыми практикалық орталығы бірлесіп ұйымдастырылған "Ұлттық диктант" жобасына "Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы білім беретін мектебі" КММ- нің оқушылары қатысты. Онлайн диктантқа  жазба диктантқа 8-11 сынып арасында 30 оқушы қатысты.




https://www.instagram.com/p/DP6TNRXAkBg/?igsh=YmNjMTdpZ2NqeWp4
2025 жылдың 17 қазанында Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де мектеп Президентін сайлау шарасы өтті. Іс-шараны өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі Ристан Еркегүл ұйымдастырып, жоғары деңгейде өткізді.
Сайлаудың мақсаты– оқушылардың азаматтық белсенділігін арттыру, өзін-өзі басқару жүйесінің жұмысын жандандыру, оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту және мектеп өміріне белсенді араласуға баулу. Сонымен қатар, бұл шара оқушыларға демократиялық үрдісті, дауыс беру мәдениетін, әділдік пен жауапкершілікті үйретуге бағытталды.
Сайлау барысында үміткерлер өз бағдарламаларын таныстырып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Оқушылар өз дауыстарын арнайы дайындалған сайлау жәшіктеріне салу арқылы беріп, нағыз сайлау процесінің бір бөлшегіне айналды. Бұл іс-шара мектеп оқушыларына өз пікірін білдіруге, әділ таңдау жасауға және ұжым алдында жауапкершілік алуға мүмкіндік берді.






https://www.instagram.com/reel/DP9Om8AAt6n/?igsh=YTl5ZTE2OG00cGZ1
Ұлттық мереке – 25 қазан «Республика күні» қарсаңында Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де «Қазақ елі – менің Отаным»тақырыбында 1–11 сыныптар арасында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Тәрбие сағатының мақсаты – оқушыларға Республика күні жөнінде түсінік бере отырып, еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі туралы танымын кеңейту, отаншылдыққа, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Сынып сағаттарында оқушылар Республика күнінің тарихи маңызымен танысып, елдік пен бірліктің, бейбітшілік пен тұрақтылықтың құндылықтарын ұғынды. Сонымен қатар, әр сынып өз шығармашылығын танытып, патриоттық бағыттағы бейнероликтер дайындап, әлеуметтік желілерге жолдады.

Бұл шара жас ұрпақтың елге деген сүйіспеншілігін арттырып, болашаққа сеніммен қарауға тәрбиелейді.







https://www.instagram.com/p/DQCNKRSEgiD/?igsh=MXJoM3pwcWs3OWhqNw==

25 қазан – Республика күніне орай Бозтал ауылының ЖОББМ-де 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен бірлескен қабырға газеті жарияланды.

Аталған шараның мақсаты – оқушылардың отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, ел тарихына, Тәуелсіздік пен Республика құндылықтарына деген құрметін арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту болды.

Газет бетінде оқушылардың патриоттық өлеңдері, суреттері, мақал-мәтелдер мен тарихи мәліметтері жарық көріп, мерекелік рухты ерекше жеткізді.

https://www.instagram.com/reel/DQEH2u7DRn7/?igsh=MWhmNTBiNjE2dzc3dg==

Желідегі қауіпсіздікке байланысты флешмоб ұйымдастырылды. 9-сынып оқушылары белсене қатысты.

Флешмобтың мақсаты – оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру, интернеттегі қауіпсіздік ережелерін меңгерту және оларды жауапкершілікке тәрбиелеу.

Флешмобты ұйымдастырушы:Кульжаханова Арайлым Жумакаримовна.

https://www.instagram.com/reel/DQEUaT0DcE2/?igsh=dTM0a2gzdzVmajc4

"Сыйлығы мол, Алтын күз» атты ертеңгілік Шағын орталық пен мектепалды даярлық сыныбында жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Ертеңгілік барысында балалар күз мезгілінің ерекшеліктерін ән, би, тақпақтар арқылы көрсетіп, көркем өнерлерін ортаға салды.

Іс-шараның мақсаты — балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту болды.

Ұйымдастырушылар: Амиржанова Үміт Ахметовна және Оспанова Сәуле Хамитовна.

https://www.instagram.com/reel/DQEz9c5gvrk/?igsh=ZDJpd21taWlucmti

«Мен күз туралы өлеңдермен бөлісемін» атты өлеңдер байқау 1-9 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылып, оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдауға және әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға бағытталды. Байқау барысында оқушылар өздерінің авторлық немесе жатқа білген күз тақырыбындағы өлеңдерін мәнерлеп оқып, көркем сөз өнерінде бақтарын сынады.

Іс-шара оқушылардың эстетикалық талғамын дамыту, поэзияға деген сүйіспеншілігін ояту және еркін сөйлеу, сахнада өзін-өзі ұстау дағдыларын қалыптастыру мақсатын көздеді.

Жауапты мұғалімдер:
- Копабаева Д.И.
- Нурахметова Г.С.
- Қайролаева А.

https://www.instagram.com/reel/DQI_xd3gje-/?igsh=a2RkMDJ4cnpva2Zm

Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-сінде мектеп Парламентінің Президенті мен фракция басшыларын ұлықтау" рәсімі салтанатты түрде ұйымдастырылды.
Іс-шараның мақсаты — мектептегі өзін-өзі басқару құрылымын нығайту, оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту, жауапкершілік пен азаматтық белсенділікті арттыру. Жаңадан сайланған Президент пен фракция жетекшілеріне мектеп әкімшілігі мен ұстаздар ұжымы сәттілік тілеп, алдағы жұмыстарында табыс пен белсенділікке толы бастамалар күтетінін жеткізді.
Бұл шара — оқушылардың өзіндік ой-пікірін білдіруге, мектеп өміріне белсене араласуына, ұжымдық шешім қабылдауға үйрететін маңызды қадам.

https://www.instagram.com/reel/DQM1coKjcCk/?igsh=amcxandzZDJoMWh5

25 қазан – Республика күніне орай
"Бозтал ауылының ЖОББМ" КММ-і жанындағы шағын орталықта мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.
Іс-шара тақырыбы:«Мен – елімнің болашағымын!»
Мақсаты:
Балалардың бойына Отанға деген сүйіспеншілік, елжандылық, мемлекет рәміздеріне құрмет сезімін ұялату. Қазақстан Республикасының тарихын таныту арқылы патриоттық тәрбие беру.
Іс-шара барысы:
Тәрбиеші жетекшілігімен тәрбиеленушілер ән айтып, тақпақтар жатқа оқыды. Мемлекеттік Ту мен Елтаңба бейнесі таныстырылып, олардың мән-маңызы түсіндірілді. Балалар ұлттық ойындарға қатысып, сурет салу тапсырмалары арқылы өз елінің болашағына деген көзқарастарын бейнеледі.
Ұйымдастырушы: Оспанова Сауле Хамитовна

https://www.instagram.com/reel/DQM22KrjaBc/?igsh=M3N0dzBpczcweGdr

Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 25 қазан — Республика күні қарсаңында 5-сынып оқушыларын «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау салтанатты жиыны ұйымдастырылды.
Іс-шараның мақсаты — жас ұрпаққа елжандылық пен патриоттық рухты сіңіру, туған елін сүюге, Отан алдындағы жауапкершілікті сезінуге баулу. Оқушылар салтанатты түрде ант қабылдап, ұйым қатарына қабылданды.
Жауапты: өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі — Ристан Еркегүл.

https://www.instagram.com/reel/DQOmW0GDUsT/?igsh=MTR3M3JrbHgydTk3MA==

24 қазан күні сағат 15:00-де жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өтті.
Тақырыбы: Отбасы және мектеп: бір бағытта қарау
Күзгі демалыс кезіндегі нұсқаулықпен таныстыру
Бала тәрбиесі
Қызықты сергіту сәті

Әр түрлі мәселелер
Жауаптылар:
Бастауыш: Рахимова К.Г
Орта буын: Тороохан Н.
Жоғарғы буын: Кульжаханова А.Ж.

  

[https://www.instagram.com/p/DQbqMq0DYiY/?img_index=3&igsh=MXVycWdhajZ3cjhwdg==](https://www.instagram.com/p/DQbqMq0DYiY/?img_index=3&igsh=MXVycWdhajZ3cjhwdg==)

Мектебімізде әр дүйсенбі мемлекеттік әнұран орындалып тұрады және әр сейсенбі күні таңғы жаттығулар орындалып тұрады.

  

Және әр бейсенбі «Таза бейсенбі» ұйымдастылып әлеуметтік желіге жүктеледі. Жауапты сынып жетекшілер







10-сынып оқушысы **Амангелді Тамина**, сіздерге “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарына сүйене отырып дайындаған **«Суды үнемдеу – әр азаматтың міндеті»** атты бейнебаянымды ұсынды және әлеуметтік желіге жарияланды.

[https://www.instagram.com/reel/DQqtMgijecl/?igsh=cDFqN2M3c2FyaTNu](https://www.instagram.com/reel/DQqtMgijecl/?igsh=cDFqN2M3c2FyaTNu)

2025 жылдық 6 қараша күні ауылымыздың учаскелік полиция инспекторы Е.А. Шалов Бозтал ЖОББМ КММ-де 7–11 сынып оқушыларымен «Құқықбұзушылықтың алдын алу» және «Буллингтің алдын алу» тақырыптарында түсіндіру лекциясын өткізді.

Мақсаты — оқушылар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру, құқықбұзушылықтың салдарын түсіндіру және білім алушыларды заң талаптарын сақтауға шақыру. Сонымен қатар, мектеп қабырғасында жиі кездесетін буллинг мәселесіне тоқталып, оның психологиялық және құқықтық зардаптары түсіндірілді.

  

[https://www.instagram.com/p/DQwZYYcCJYX/?igsh=b3VueHhoMXc0cG02](https://www.instagram.com/p/DQwZYYcCJYX/?igsh=b3VueHhoMXc0cG02)

2025 жылдың 7 қарашасында "Малтабар ауылы Перуаш Қәрімұлы атындағы ЖОББМ" КММ-сінде өткен аудандық пікірсайыс турниріне "Бозтал ауылының ЖОББМ "КММ-інің оқушылары қатысып, үздік нәтиже көрсетті. Турнир барысында оқушылар өз ойларын еркін жеткізе отырып, өзекті мәселелерді талқылап, қарсы тараппен дәлелді пікірталас жүргізу дағдыларын жоғары деңгейде көрсетті.
Жарыс нәтижесінде мектебіміздің командасы II орынға ие болды.
Оқушыларды жарысқа дайындап, бағыт-бағдар берген жетекшісі — ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Кайролаева Акбота Куанышқызы.









https://www.instagram.com/p/DQwcg36CKJF/?igsh=YmlrcHgzNmp2Y281
1-сынып оқушысы Кенжебекұлы Қасиет анасымен бірге «Өнегелі 15 минут» тақырыбында бейнематериал ұсынды.
Мақсаты – отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту. Оқушы мен анасы бірлесе өнеге мен тәрбиелік мәні бар мазмұнды сәтпен бөлісіп, көрерменге үлгі бола білді.
https://www.instagram.com/reel/DQwyYM6jWt3/?igsh=bHJ2Mm1wMjFpd2w1
2025 жылдың 6 қарашасы 1-11 сыныптар арасында «Күз ханшайымы» байқауы ұйымдастырылды. Шараның негізгі мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, эстетикалық талғамын арттыру және күз мезгілінің ерекшелігін сезіндіру. Байқау барысында қатысушылар өз өнерлерін, қолөнер туындыларын, сән үлгілерін көрсетті.
Іс-шараны ұйымдастырған: аға тәлімгер Ристан Еркегүл.







https://www.instagram.com/reel/DQ19WN4DZ7K/?igsh=M3Nkem16Z2JuZTMx
10 қараша күні 15 қараша – Ұлттық валюта күніне орай Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының мақсаты – оқушыларға теңгенің тарихы мен маңызын түсіндіру, ұлттық валютамызға деген құрмет пен отансүйгіштік сезімдерін арттыру болды. Іс-шара барысында оқушылар ұлттық валюта туралы тың мәліметтермен танысып, бейнематериалдар тамашалады және тақырыпқа байланысты сұрақ-жауаптармен өз білімдерін толықтырды.







https://www.instagram.com/p/DQ3OxUbAnS1/?igsh=bTl5eHJkZjhtdm1v
2025 жылғы 15 қараша күні Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де Ұлттық валюта — Теңге күніне арналған танымдық іс-шара өткізілді. Іс-шараны мектеп кітапханашысы Секуова Алтын Төлегенқызы ұйымдастырды. Мақсаты — оқушыларға теңгенің пайда болу тарихы мен маңызын түсіндіру, ұлттық құндылықтарға деген құрметті қалыптастыру, қаржылық сауаттылыққа баулу.




https://www.instagram.com/p/DRID9GxEskJ/?igsh=eTc1bHl2OWxxNQ==
2025 жылдың 13 қарашасында Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес, 5-сынып оқушыларымен Ұлттық валюта күніне арналған дөңгелек үстел өткізілді.
Іс-шараны аға тәлімгер Ристан Еркегүл ұйымдастырды.
Мақсаты: оқушыларға теңгенің шығу тарихы мен маңызын түсіндіру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қаржылық сауаттылықты қалыптастыру.
https://www.instagram.com/p/DRIERQADb7R/?igsh=aWluaDV3cTFsbnpy
17 қараша "Буллингтің алдын алу "тақырыбында Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.
Мақсаты: оқушыларға буллинг ұғымын түсіндіру, оның түрлерін, салдарын көрсету және оны болдырмаудың жолдарын үйрету, қауіпсіз әрі сыйластыққа негізделген мектеп ортасын қалыптастыру.









[https://www.instagram.com/p/DS2bulsjWuO/?igsh=MXV5bWRocWE2NXNtag==](https://www.instagram.com/p/DS2bulsjWuO/?igsh=MXV5bWRocWE2NXNtag==)

17 қараша 2025 жыл «Азартқа жүгінбе» тақырыбында лудоманияның алдын алу мақсатында 9-сынып оқушыларымен тәрбиелік лекция жүргізілді. Лекция барысында оқушыларға құмар ойындардың зияны, тәуелділікке әкелетін қауіптері туралы нақты ақпараттар беріліп, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы түсіндірілді.

Мақсаты: оқушылардың қаржылық, психологиялық және әлеуметтік қауіптер туралы танымын арттыру, өз таңдауына жауапкершілікпен қарауға баулу.




[https://www.instagram.com/p/DRJoyvejZTM/?igsh=MTV6YWQ3cXBjdXlxYQ==](https://www.instagram.com/p/DRJoyvejZTM/?igsh=MTV6YWQ3cXBjdXlxYQ==)

18 қараша «ДосболLaik» бағдарламасы аясында оқушылар арасында достықты нығайтуға, сыйластық пен бірлікке тәрбиелеуге бағытталған іс-шара ұйымдастырылды.

мақсаты:

– Оқушылар арасында достық қарым-қатынасты дамыту;

– Бір-біріне қолдау көрсету, құрметпен қарау дағдыларын қалыптастыру;

– Мейірімділік пен қамқорлықты насихаттау.




[https://www.instagram.com/reel/DRMQI75jZHg/?igsh=MWdvMXNiNzNmbWE0MQ==](https://www.instagram.com/reel/DRMQI75jZHg/?igsh=MWdvMXNiNzNmbWE0MQ==)

18 қараша күні

«Ұшқыр ой алаңы» жобасын іске асыру аясында Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де тілдік дағдыларды дамыту, тақырыптық талқылау арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Ұшқыр ой алаңы» атты зияткерлік пікірсайыс ойыны өткізілді.
Мақсаты:
– Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту;
– Тақырыпты жан-жақты талдай білуге және өз пікірін нақты дәлелдермен жеткізуге дағдыландыру;
– Ұлттық, рухани және адами құндылықтарды талқылау арқылы бойға сіңіру.
Пікірсайыс турнирі жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар белсенділік танытып, түрлі өзекті тақырыптарды ортаға салып, қызу пікір алмасты.
Ұйымдастырушылар:
– Пікірсайыс жетекшісі — Кайролаева Акбота Куанышқызы
– Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі — Тороохан Нуржанар



https://www.instagram.com/p/DRMi2tSjaO3/?igsh=NmpnMDJ6bGR6cXZ2
18 қараша күні  Абайлаңыз, жұқа мұз!
Ақмола облысының төтенше жағдайлар департаменті ескертеді: қазіргі уақытта мұз әлі қатпаған, ол қателікті кешірмейді!
⚠ Есте сақтаңыз:
- адамның қауіпсіз шығуы үшін мұздың қалыңдығы кемінде 10 см және одан жоғары болуы қажет;
- мұздың беріктігін аяқпен ұрып тексермеңіз;
- мұзға жалғыз және қараңғы уақытта шықпаңыз;
- балаларға мұз үстінде ойнаудың өмірге қауіпті екенін түсіндіріңіз!

Өзіңізді және жақындарыңызды қорғаңыз! Тақырыбында бейнематериал ата-аналармен оқушылар чатында таныстырулар жүргізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды.
https://www.instagram.com/reel/DRMpt1MDcUd/?igsh=MW9nMDlleW9haHNmeg==
19 қараша күні «Шабыт» жобасын іске асыру бағытында Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және өнерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен «Мектеп театры» атты театрлық қойылым өткізілді.
Мақсаты:
– Оқушылардың актерлік шеберлігін жетілдіру;
– Командалық жұмыс пен сахна мәдениетін үйрету;

– Қоғамдық құндылықтарды көркемдік тәсілмен насихаттау;
– Оқушылардың бойында өзін еркін ұстай білу, жауапкершілік пен креативті ойлау қабілетін қалыптастыру.

 

https://www.instagram.com/reel/DROPmTsguKs/?igsh=c3d3dWZueWloazl6

19 қараша күні Балалардың қауіпсіздігі бағытында жоспарлы іс-шара ұйымдастырылды.

Мақсаты – оқушылардың қауіпсіздік туралы түсінігін кеңейту, олардың өмірлік дағдыларын қалыптастыру және төтенше жағдайлардың алдын алу жолдарын үйрету.

Шара барысында:

– жол қозғалысы ережелері,
– өрт қауіпсіздігі,
– киберқауіпсіздік және желідегі қауіптер,
– бөгде адамдармен қарым-қатынас кезіндегі сақтық шаралары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

  

https://www.instagram.com/p/DROawDIAtre/?igsh=NHRvb2NjcTRpNDhw

20 қараша күні Тақырып:Қыс мезгіліндегі мұз айдынындағы қауіпсіздік
Формат: Бейнематериал
Мақсаты: Оқушыларға қысқы уақытта мұз үстіндегі қауіп-қатерлер туралы түсінік беру, қауіпсіздік ережелерін сақтау дағдысын қалыптастыру
Ұсынылатын қорытынды:
Балалар мен ата-аналар қыс мезгілінде мұз үстіндегі демалыс кезінде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауы тиіс.
Ұраны: «Қауіпсіздік – өз қолыңда!»
https://www.instagram.com/reel/DRQ5oPSAi6Y/?igsh=aW1nazB6ZTg3czh0

20 қараша күні "Қамқор" жобасы аясында табиғатқа жанашырлық таныту мақсатында 7-сыныптың ер балаларымен құстарға арналған қоректендіргіштер мен құс үйлері дайындалды.

Мақсаты — оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікті ояту және қыс мезгілінде жабайы құстарға көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Ұйымдастырған — көркем еңбек пәнінің мұғалімі Даулов Еркебулан Секенович.

Оқушылар өз қолдарымен ағаш пен басқа да табиғи материалдарды пайдаланып, түрлі үлгідегі құс үйлерін жасап, мектеп ауласына  орнатты.





https://www.instagram.com/p/DRRFb5LDGsX/?igsh=MXA3cmdwcW0wZHd2cQ==

20 қараша күні Адал Азамат біртұтас тәрбие бағдарламасының «Заң және Тәртіп» құндылығы бойынша 7-11 сыныптарда «Полиция және балалар бірге қауіпсіздік үшін» тақырыбына бірыңғай мазмұндама жазу өтті.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық білімін бекіту, заңға бағынудың және қауіпсіздіктің маңызын түсіндіру.



https://www.instagram.com/p/DRUQ6AZjY2Y/?igsh=MTB6a2RzOGxtNnRpZg==

Мектебімізде одан басқа "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында оқушылармен үзіліс кезінде кітап оқу дәстүрі ұйымдастырылды.

Мақсаты:

– оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру;

– оқу мәдениетін қалыптастыру;

– бос уақыттарын тиімді пайдалану.

Үзіліс уақытында оқушылар өздері таңдаған кітаптарын оқып, бір-бірімен алған әсерлерімен бөлісті. Мұғалімдер оқушыларға қолдау көрсетіп, ынталандыру арқылы қызығушылықтарын арттырды.





https://www.instagram.com/p/DRUc46lDSY9/?igsh=MWY2a2J4NW1raWZycA==

Өзін - өзі басқару ұйымының жоспарына сәйкес 20- қараша күні 5-9 сынып оқушылары арасында тоғызқұмалақ және шахмат ойынынан мектепішілік сайыс өтті.

Мақсаты: Оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру және бос уақытын тиімді пайдалану

Ұйымдастырушы: аға тәлімгер Ристан Еркегүл





https://www.instagram.com/p/DRUtDlyDfFv/?igsh=MWExaGh6bGo0bXNvNQ==

Мектебімізде айта кететіндей әр бейсенбі күні «Таза Бейсенбі» акциясы тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады.
https://www.instagram.com/p/DRUtohkDTfh/?igsh=MWJ4Y2RyODgxcHpoZA==
https://www.instagram.com/reel/DRkLkiyArcE/?igsh=MXB0ZG15cWQ1Y2Q5aw==

«Суды үнемді тұтыну» тақырыбы аясында 2-сынып оқушысы Құттыбек Сырғалым өзінің көзқарасын бейнеролик арқылы ұсынды.
Ол су ресурстарының маңыздылығын түсіндіре отырып, күнделікті тұрмыста суды тиімді пайдаланудың үлгісін көрсетті. Мединаның бейнематериалы оқушыларға қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыруға бағытталған.
Мақсаты – оқушылар арасында экологиялық сана қалыптастыру және табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануға баулу.
https://www.instagram.com/reel/DRUuDyajYh4/?igsh=MWdtZHN2dWtxcjJzaQ==

24 қараша күні «Спорт – бақытқа бастар жол» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында тәрбие сағаты ұйымдастырылды.
Мақсаты:
оқушылары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, спортқа деген қызығушылығын арттыру, ұйымшылдық пен белсенділікті дамыту.
https://www.instagram.com/p/DRceLmKDYeC/?igsh=ZjlkMnl4aGE2dDhk

24-ші қараша күні 8, 9, 10-сыныптар арасында Кеңес Одағының батыры, жазушы, академик Мәлік Ғабдуллиннің 110 жылдығына орай тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.
Мақсаты:
– Оқушыларға Мәлік Ғабдуллиннің өмірі мен ерлігін таныту;
– Батырдың өнегелі өмір жолын үлгі ете отырып, елге, жерге деген сүйіспеншілікті арттыру;
– Ұлт жанашыры ретінде тұлғаның әдеби мұрасымен таныстыру.
https://www.instagram.com/p/DRce5A8Daoz/?igsh=Z2lubnhjMTN2YjVm

24 қараша күні 5,6,7,11 сыныптарда өткізілген "Прокурор сағаты" атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды
Мақсаты:
– Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру;
– Заң талаптарын сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу;
– Жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері туралы түсініктерін кеңейту;

– Құқық қорғау органдарының қызметімен таныстыру және сенімді қарым-қатынас орнату.
https://www.instagram.com/p/DRcfXRKjd2l/?igsh=MTUyd2N4eXV6OGhyaQ==
Үзіліс уақытында уақытты тиімді пайдалану мақсатында ұлттық ойындай ұйымдастырылып тұрады.
https://www.instagram.com/reel/DRcgKVEDbeL/?igsh=MXcwOWk2aGFhejBwdQ==
«Суды үнемді тұтыну» тақырыбы аясында 6-сынып оқушысы Бірлес Ертуған өз бейнематериалын ұсынды.
Бейнематериалда оқушы суды үнемдеудің маңыздылығы туралы ой бөлісіп, суды тиімді пайдалану жолдарын көрсетті.
Бұл жұмыс экологиялық сананы қалыптастырып, табиғи ресурстарды бағалауға және қорғауға үндейді.
Мақсаты – оқушылардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру, суды үнемдеу дағдысын дамыту.
https://www.instagram.com/reel/DRclXnjDdL0/?igsh=ZHQxd3h6OHA4Ympl
«Адал ұрпақ" ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес қараша айында "Бала құқығы" атты сурет және өлең шығару байқауы өткізілді.
Нәтижесінде жеңімпаздар таңдалып, мадақтамамен марапатталды.
https://www.instagram.com/p/DRj4M8gjf_h/?igsh=enBuc2NuZDhscG42
«Өнегелі 15 минут» тақырыбы аясында 9-сынып оқушысы Жумабеков Ерасыл бос уақытында әкесіне көмек көрсетіп, күнделікті тұрмыстық жұмыстарға атсалысты.
Мақсаты:
Оқушының еңбекке деген ынтасын арттыру, ата-ана еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын дәріптеу және өмірлік тәжірибе жинақтауға жағдай жасау. Еңбектің қадірін түсінуге, жауапкершілік пен өзін-өзі дамытудың маңызын ұғынуға бағытталды.
https://www.instagram.com/reel/DRkMGNuDRZU/?igsh=b2U4OWhvajZja2tw
Мектебімізде 25 қарашадан бастап «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-әрекет» республикалық акциясы аясында бірқатар іс-шаралар жоспарға сәйкес өткізіліп жатыр.
Мақсаты:
Оқушыларға зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылығын арттыру, адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу және гендерлік теңдік жөнінде түсінік қалыптастыру.




https://www.instagram.com/reel/DRmriwugv1l/?igsh=aDA2c2phYXR1NGtz
«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенді іс-әрекет» республикалық акциясы аясында Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де 7-10

сынып оқушылары арасында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында ақпараттық лекция ұйымдастырылды.
Мақсаты:
- Тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымы мен түрлері туралы түсінік беру;
- Құқықтық сауаттылықты арттыру;
- Оқушыларды өз құқықтарын білуге және зорлық-зомбылыққа жол бермеуге тәрбиелеу.
https://www.instagram.com/p/DRmuOQPjWvs/?igsh=MWxjcTRrcnJ2emZwbg==
28 қараша мектебімізде әлеуметтік педагог Жолжақсы Шашудың ұйымдастыруымен «Қыз баланың қадірі: денсаулық, қауіпсіздік, жауапкершілік» тақырыбында қыздар жиналысы өтті.
Жиналыс барысында қыз балалардың өзін-өзі күтуі, жеке бас қауіпсіздігі, жауапкершілігі мен өз құқығын білуі жайында маңызды ақпараттар берілді.
Қыздар белсенді қатысып, өз ойларымен бөлісіп, пайдалы кеңестер алды. Әр қыз баланың қауіпсіздігі мен денсаулығы — біздің басты міндетіміз.





https://www.instagram.com/reel/DRobZclDf95/?igsh=MWwxbDJibmcwaTNnbw==
2025 жылдың 1 желтоқсанында Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де "Дүниежүзілік Еріктілер күні" аясында оқушылар арасында "Қоғамдық мүлікті қорға" және "Табиғатқа қамқорлық жасаймыз" тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.
Мақсаты:
- Оқушыларға еріктілік қызметінің маңызын түсіндіру;
- Қоғамдық орта мен табиғатқа жауапкершілікпен қарауға баулу;
- Экологиялық мәдениетті қалыптастыру және ортақ мүлікке ұқыпты карауды насихаттау.

Сынып сағаттарында бейнематериалдар көрсетіліп, оқушылар пікір алмасып, топтық тапсырмалар орындады. Іс-шаралар жоғары деңгейде өтті.








https://www.instagram.com/p/DRuRlGXjYpB/?igsh=ZmN2bzcxam5paXBi
Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет халықаралық науқаны аясында бекітілген жоспарға сәйкес, "Зорлық-зомбылықсыз әлем"

атты ақпараттық жадынама дайындалып, оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға таратылды.
Мақсаты:
- Гендерлік теңдік ұғымын түсіндіру;
- Зорлық-зомбылықтың алдын алу;
- Отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы қауіпсіз орта қалыптастыру;
- Құқықтық сауаттылықты арттыру.
Жадынама мазмұны:
- Зорлық-зомбылық түрлері (физикалық, психологиялық, экономикалық, жыныстық);
- Зорлық-зомбылық белгілері;
- Көмек сұрау жолдары (сенім телефондары, құқық қорғау орындары);
- Балалардың, ата-аналардың және педагогтердің әрекет ету алгоритмі.

Бұл шара зорлық-зомбылықсыз, қауіпсіз қоғам қалыптастыруға бағытталған.
https://www.instagram.com/reel/DR1xwVFjWDD/?igsh=cWc0dThycmUwNzJ5

Әр бейсенбі күні мектебімізде дәстүрлі түрде "Таза бейсенбілік" іс-шарасы ұйымдастырылып тұрады.

Мақсаты:
- Оқушыларды тазалыққа, ұқыптылыққа баулу;
- Мектеп ауласын, сынып бөлмелерін таза ұстауға тәрбиелеу;
- Экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- Ортақ еңбекке баулу және жауапкершілік сезімін дамыту.
Іс-шара барысында оқушылар сынып жетекшілерімен бірге мектептің ішкі-сыртқы аумағын тазалап, өз үлестерін қосады. Бұл – еңбекке баулудың тиімді тәсілі әрі таза ортада білім алуға жасалған игі қадам.
https://www.instagram.com/p/DR1-luDjcjp/?igsh=ZHpibnR2YjFqNTFs

Бүгін әлеуметтік педагогтің ұйымдастыруымен «Құрмет пен жауапкершілік» тақырыбында ұлдар жиналысы өткізілді.
Жиналыста жеке гигиена, тәртіп нормалары, жыныстық қолсұғылмаушылық және гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері талқыланды.

Балаларға өз әрекетіне жауапты болу, өзге адамның шекарасын құрметтеу және кез келген зорлық-зомбылықтың — әлсіздік белгісі екенін түсіндіру маңызды.
Болашақ жігіт — қоғамның тірегі. Ол таза болмыстан, дұрыс әдеттен, құрмет пен мәдениеттен басталады.





https://www.instagram.com/p/DR4dLUUjX-U/?igsh=aWFqbXM1ZG9jZWho
2025 жылдың 05 желтоқсанында гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-қимыл акциясы аясында Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де 8, 9, 10-сынып оқушылары арасында “Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын” тақырыбында эссе жұмыстары жүргізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсы көзқарас қалыптастыру, өз пікірін еркін жеткізе білуге баулу.

Ұйымдастырушы:
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нурахметова Гаухар Сапарбековна.



https://www.instagram.com/p/DR4eA0GDd7-/?igsh=cWR3bXB5OW8xZXlh
2025 жылдың 02 желтоқсан күні "Қаржы сақшысы" ойыны бойынша Ақмола облысының экономикалық тергеп-тексеру департаментімен ұсынылған кестеге сәйкес, 10-11 сыныптар арасында ойын өткізілді.




https://www.instagram.com/p/DR6eB9ojcZ1/?igsh=MWV3dmp0MDQwbzFidA==
«Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы — Қамқорлық жаса, зорлықсыз өмір құр!» акциясы аясында Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен тәрбие бағытына арналған іс-шара өткізілді.

Мақсаты:
Оқушыларды үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу, мейірімділік пен өзара сыйластықты қалыптастыру, зорлық-зомбылыққа қарсы көзқарас пен адамгершілік құндылықтарды дәріптеу.

https://www.instagram.com/reel/DR_stzijSBD/?igsh=MWpkeGtoNDNtZnA3bQ==
«Халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл» толуына орай 2025 жылдың қараша айында 1-11 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

Мақсаты:

Оқушыларға ержүрек батыр, жазушы Бауыржан Момышұлының өмір жолы мен ерліктері туралы мағлұмат беру, отансүйгіштікке, батырлыққа, рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.









https://www.instagram.com/p/DSAgB8Xjbzb/?igsh=MTFzMzllcDNhempmMQ==

Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-әрекет аясында 2025 жылдың 08 желтоқсан күні "Зорлықсыз қарым-қатынас мүмкін бе?" тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды.

Мақсаты:
– Қатысушыларға зорлықсыз қарым-қатынастың мәні мен маңызын түсіндіру;
– Құрмет пен түсіністікке негізделген диалог жүргізу дағдыларын қалыптастыру;
– Қоғамда бейбіт, салауатты қарым-қатынас мәдениетін насихаттау.

Міндеттері:
– Қатысушылар арасында ашық пікір алмасу мүмкіндігін жасау;
– Эмпатия, тыңдай білу және өз ойын сауатты жеткізе білу қабілеттерін дамыту.

Іс-шара "Шапағат" пікірсайыс ұйымының жетекшісі, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Қайролаева Ақбота Қуанышқызының ұйымдастыруымен өткізілді. Оқушылар белсенді қатысып, зорлықсыз қарым-қатынастың қоғамдағы рөлі жайлы ой-пікірлерімен бөлісті. Шара тәрбиелік мәні жоғары, маңызды тақырыптарды қамтыған танымды диалог алаңына айналды.




https://www.instagram.com/p/DSCoxMojf49/?igsh=MnhoZGVtZGlnc2Nt

«Мүлікті сақта – Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» атты акция өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды қоғамдық мүлікке ұқыпты қарауға, табиғатты аялауға, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарап, жауапкершілікпен әрекет етуге тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/DSIPvBijaz6/?igsh=d3diN2hkZnhwa2R4

1986 жылдың 16 желтоқсаны — қазақ жастарының еркіндік пен әділдік жолында алаңға шыққан тарихи күні.
Олар өз елінің болашағы үшін қорықпай, қысымға қарамастан ұлттық намысты қорғады.
Желтоқсан оқиғасы — Тәуелсіздікке жол ашқан рухты көтеріліс, азаттықтың алғашқы қадамы.

16 желтоқсан - Тәуелсіздік күні қарсаңында ұйымдастырылған “ Мен ұстазбын! Мен тәуелсіздік құрдасымын!” атты челленджге біздің мектебіміз де қатысты

https://www.instagram.com/reel/DSKGy4ADYQ-/?igsh=YXA1NTlobGVtY2k5

2025 жылдың 8 желтоқсан күні «Балалар кітапханасы» жобасы аясында кітап жәрмеңкесі және кітап кейіпкерлерінің суреттер байқауы өткізілді.

Мақсаты:
Жас оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру және оқуға деген сүйіспеншілікті дамыту.



https://www.instagram.com/p/DSRc5DEArVr/?igsh=MXFxdnpuNTF0cDIxbg==

2025 жылдың 03 желтоқсан күні Лудоманияның алдын алу мақсатында «Ойынға салауатты көзқарас» тақырыбында мектепішілік шеберлік сабағы өткізілді.

Іс-шараға 10-11 сынып оқушылары қатысты. Сабақтың негізгі мақсаты – оқушылардың құмар ойындарға тәуелділіктің зияны туралы түсініктерін кеңейту, салауатты өмір салтын ұстануға бағыт беру, ойынға деген жауапты әрі саналы көзқарас қалыптастыру.

Шеберлік сабағын 10-сынып жетекшісі Айжанова Гүлнар Қабдулаевна ұйымдастырып, оқушылармен ашық диалог жүргізіп, өмірлік мысалдар мен бейнематериалдар арқылы тақырыпты түсіндіре білді.

Іс-шара оқушылардың ой салып, өз пікірлерін еркін білдіруге мүмкіндік берді.

 

https://www.instagram.com/p/DSResWjgmZh/?igsh=amx6bWxjZXl2NXZv

12 желтоқсан күні ағымдағы жылдың «Жастар» спартакиадасы аясында өткен «Ұлттық мектеп лигасының» 5-6 сынып оқушылары арасындағы «Шахмат және үстел теннисі» бойынша аудандық жарыста Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-інің оқушылары шахмат ойынынан жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Бұл жетістік — оқушылардың табандылығы мен жүйелі дайындықтың жемісі.
Жетекшісі: Даулов Еркебулан Секеновичке еңбегі мен қолдауы үшін алғыс білдіреміз!

Оқушыларымызға алдағы уақытта да толағай табыстар тілейміз! 🏆♟️🇰🇿

  

https://www.instagram.com/p/DS2Zr3CkmfL/?igsh=bnd6NmdvaWFsanRq

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні аясында "Жас оқырмандар" байқауы ұйымдастырылды

Іс-шараға мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілері қатысты. Байқау үш тілде — қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өтті.

Мақсаты — бүлдіршіндердің тілге деген қызығушылығын арттыру, патриоттық сезімін ояту, көптілді білім беру аясында оқу дағдыларын қалыптастыру.

Ұйымдастырушысы: мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі Амижанова Үміт Ахметовна
https://www.instagram.com/reel/DSR9nF8jfmj/?igsh=eWxrMTFmNWVyaTB2
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған қолөнер және сурет байқауы

Тәуелсіздік күні мерекесі аясында Шағын орталық пен мектепалды даярлық сыныбында тәрбиеленушілер арасында қолөнер және суреттер байқауы өткізілді.

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімін ояту, ұлттық мерекеге деген құрметті арттыру.

Іс-шара барысында балалар өз қолымен жасаған бұйымдар мен тақырыптық суреттерін ұсынды. Туындылар Тәуелсіз Қазақстанның символдарын, бейбіт өмір мен кл бірлігін бейнелейді

Ұйымдастырушылар:
- Оспанова Сауле Хамитовна – шағын орталық тәрбиешісі
- Амиржанова Үміт Ахметовна – мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі






https://www.instagram.com/p/DSR_Lg3jfgF/?igsh=MTl4OTFic3NiejJ3cg==
Тақырыбы: "Тәуелсіздік теңдесі жоқ байлығым" тақырыбында 1-11 сыныптарда сағаттары өтті
https://www.instagram.com/p/DSSAA5EDfFI/?igsh=MWJ3bWtpYXZiZDF3aw==
□□ 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай
1–10 сынып оқушылары елге деген сүйіспеншілігін, патриоттық рухын қабырға газеттері арқылы бейнеледі.
Әр жұмыс — Тәуелсіз Қазақстанға арналған жүрекжарды тілек пен мақтаныштың көрінісі
https://www.instagram.com/reel/DSWpDMNgpbT/?igsh=MTQxaWJodHh5YjJvZA==

2025 жылдың 17 желтоқсаны күні ҚР Тәуелсіздік күні аясында «Егемендік – елдің баға жетпес игілігі!» тақырыбында «Шапағат» пікірсайыс клубы мектепшілік  турнир өткізді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың азаматтық белсенділігін арттыра отырып, егемендіктің маңызын терең ұғындыру, еркін ой айту, пікірталас жүргізу және тыңдау мәдениетін дамыту.

Мақсаты:
- Оқушылардың пікір айту, дәлел келтіру, тыңдау дағдыларын қалыптастыру;
- Егемендіктің құндылығы мен тарихи маңызын түсіндіру;
- Патриоттық сезім мен ұлттық сана-сезімді нығайту;
- Сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнерге баулу.

Міндеттері:
- Тақырып аясында өз көзқарасын еркін әрі дәлелді түрде жеткізу;
- Командалық жұмыс барысында бір-бірімен тиімді қарым-қатынас орната білу.

Турнирге жоғары сынып оқушылары белсене қатысып, түрлі өзекті сұрақтар төңірегінде тартысты пікірлер білдірді. Жоба оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, жауапкершілік пен белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал етті.

Ұйымдастырушы: «Шапағат» пікірсайыс клубының жетекшісі – Кайролаева Акбота Куанышқызы.
https://www.instagram.com/p/DSXKexTjVII/?igsh=amd4ZTVyOXM0azYy
«Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі ұйымдастырылды

Аталған челленджің мақсаты – оқушылардың жетістіктерін дәріптеу арқылы патриоттық сезімін ояту, елге деген сүйіспеншілікті арттыру, әр жетістігін Отанға арнауға тәрбиелеу.

Шара барысында оқушылар өз жетістіктерімен бөлісіп, «Мен бұл жетістігімді – Қазақстаныма арнаймын!» деген ұстанымды алға тартты.
Челлендж әлеуметтік желілерде де белсенді жалғасын тапты.
https://www.instagram.com/reel/DSZf-CqDaCR/?igsh=NG1vaXhjNWxuZm9s
"Бозтал ауылыныңЖОББМ" КММ-нің мектеп әкімшілігі, ата-аналар онлайн форматта (ZOOM интернет платформасы арқылы) Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес 2025жылдың 19 желтоқсан күні "Қысқы демалыс мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету" тақырыбында өткізілген жиналысына қатысты.



https://www.instagram.com/p/DSffRpWjSvD/?igsh=MWgwcnY2NmR3M3oxZw==https://www.instagram.com/reel/DR1xwVFjWDD/?igsh=cWc0dThycmUwNzJ5

🏆 Бастауыш сыныптар арасында отбасылық “Толағай” спорттық сайысы өтті 🏆

“Даналық” клубының жетекшісі Рахимова Куралай Гайратовнаның ұйымдастыруымен. Бала мен ата-ананың арасындағы бірлікті нығайтып, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында бастауыш сынып оқушылары мен олардың ата-аналары қатысқан отбасылық “Толағай” спорттық сайысы жоғары деңгейде өтті. ⚽

Сайыс барысында қатысушылар ептілік, шапшаңдық, ұйымшылдық пен өзара қолдаудың үлгісін көрсетті. Көтеріңкі көңіл-күй, шынайы эмоция мен достық атмосфера мерекенің сәнін келтірді





https://www.instagram.com/reel/DShyucpjY47/?igsh=MWt0cWxiZGVtbzRraA==

Бүгін мектебімізде жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, келесі мәселелер қарастырылды.

1.Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда отбасының рөлі.
(Нашақорлық, темекі, зиянды әдеттер: ата-аналық бақылау және алдын алу шаралары.) Баяндамашы: Қайрат А
2. Тренинг (Тулеубаева Р.А.)
3.Зорлық-зомбылықтың алдын алу: отбасы, мектеп және қоғам арасындағы байланысты нығайту.(Буллинг, кибербуллинг, эмоционалдық зорлық түрлері туралы ақпарат.) Баяндамашы: Жолжақсы Ш
4. Қысқы қауіпсіздік ережелері (Қайрат А)
5. Әртүрлі мәселелер ( Жолжақсы Ш)

  

https://www.instagram.com/reel/DSmwnL3DUPz/?igsh=cXZldnU3Yms0aGN6

Жаңа жыл мерекесіне орай 2025 жылдың 22 желтоқсан күні  1-11 сыныптар арасында “Жаңа жылдық тарту” тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

 Мақсаты:

Оқушылардың мерекелік көңіл күйін көтеру, жаңа жылға деген үмітін, тілектерін білдіруге мүмкіндік беру, бірлік пен достыққа тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/DSocDN1gtsg/?igsh=cDE4bmMyd2VuNjMy

Мектебімізде Жаңа жыл мерекесі ерекше көңілді өтті! ❄

1-4 сынып  оқушыларына арналған мерекелік шара керемет атмосферада ұйымдастырылып, балаларға шаттық пен қуаныш сыйлады.

Аяз ата мен Ақшақардың қатысуымен өткен мерекеде балалар тақпақ айтып, би билеп, өз өнерлерін ортаға салды. Қызықты ойындар ойнатылып, әр балаға тәтті сыйлықтар табысталды.

Іс-шараны ұйымдастырған — 11-сынып жетекшісі Қыздарбекова Айгүл Рахимжановна және 11, 10, 9-сынып оқушыларына алғыс білдіреміз!

Балаларға бақыт пен шаттық сыйлаған Жаңа жыл – жарқын естелікке айналды! 

   

https://www.instagram.com/reel/DSp3sDtjdSB/?igsh=dW90MnU4MjV4eHk3

Жаңа жыл — жүректерге жылулық, жүздерге күлкі сыйлайтын ғажайып мереке! ❄

Осы мереке қарсаңында мектебіміздің даярлық сыныбы мен бастауыш сынып оқушыларына арнап тәтті сыйлықтар тарту еткен демеушілік білдірген жандарға шексіз алғысымызды білдіреміз!

Балаларымыздың Жаңа жылдық қуанышын еселей түсуге үлес қосқан демеуші азаматтарымыз:

 Секуов Асет Жанжігітұлы
 Алькеев Асхат Бактыбаевич
 Гильмутдинов Рамис Ринатович
 Ұлықпан Еркінжан

Сіздердің қамқорлықтарыңыз бен мейірімділіктеріңіз — бүлдіршіндердің жүзіндегі шат күлкі мен қуаныштың себебі болды. Әр бала өзіне деген махаббат пен мейірімді сезініп, жаңа жылды жақсы көңіл-күймен қарсы алды.

Рақмет Сіздерге! Халқымыз «Жақсының жақсылығын айт — нұры тасысын» дейді. Осындай игі істеріңіз әрдайым мол сауаппен, мереймен еселенсін. Жаңа жылдарыңыз берекелі, өмірлеріңіз қуаныш пен табысқа толы болсын!
https://www.instagram.com/p/DSrRFXZApvb/?igsh=MW80cDQ4ZnFpMTl2ag==
2025 жылдың 25 желтоқсан күні мектебімізде орта буын 5-6-7 сынып оқушыларына арналған Жаңа жыл мерекелік ертеңгілігі жоғары деңгейде ұйымдастырылды.
Мерекелік шараның басты мақсаты — оқушылардың жаңа жылға деген қызығушылығын арттыру, қуаныш сыйлау, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және мерекелік көңіл-күй қалыптастыру болды.

Ертеңгілік барысында оқушылар әртүрлі театрландырылған көріністер қойып, Жаңа жылға арналған ән-жыр, би, өлеңдерін орындады. Аяз Ата мен Ақшақардың қатысуымен қызықты ойындар ойнатылып, достық пен шаттыққа толы сәттер орын алды.

Ұйымдастырушылар:
 11 сынып жетекшісі — Қыздарбекова Айгуль Рахимжановна
 11, 10, 9 сынып оқушылары — өз өнерлерін ортаға салып, мерекенің жоғары деңгейде өтуіне атсалысты.

Бұл мерекелік іс-шара оқушылардың жүрегіне шаттық сыйлап, Жаңа жылға деген үміт пен арманды еселей түсті.
Жаңа жыл — жаңа белес, жаңа жетістік, жаңа қуаныштың бастауы!










https://www.instagram.com/reel/DSsWKc9DVdg/?igsh=MWNnNTdmdTRhN2xtaw==

2025 жылдың 26 желтоқсан күні мектебімізде даярлық сыныбы мен Шағын орталық бүлдіршіндеріне арналған Жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырылды.

Мерекелік шараның мақсаты — балалардың жаңа жылға деген қызығушылығын арттыру, мерекелік көңіл-күй сыйлау, шығармашылық қабілеттерін дамыту және ортада еркін өнер көрсетуге баулу болды. Ертеңгілік барысында балалар Аяз Ата мен Ақшақарды қарсы алып, тақпақтар айтып, ән айтып, би билеп өз өнерлерін көрсетті. Мерекеге сай безендірілген залда түрлі қызықты ойындар ойнатылып, бүлдіршіндерге тәтті сыйлықтар тарту етілді.

Ұйымдастырушылар:

– 11 сынып жетекшісі Кыздарбекова Айгуль Рахимжановна

– 11, 10, 9 сынып оқушылары – бүлдіршіндерге қуаныш сыйлау мақсатында белсенді атсалысты.

Мереке кішкентайлар үшін есте қаларлық қуанышты сәтке айналып, оларға ерекше әсер сыйлады.






https://www.instagram.com/reel/DSvH4zFjfkh/?igsh=MTZmY2Fubzdudzhkdg==

26 желтоқсан күні Бозтал ауылының ЖОББМ КММ-де 8-11 сынып оқушыларына арналған Жаңа жылдық мерекелік кеш жоғары деңгейде ұйымдастырылды.Мерекелік іс-шара барысында оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, ән айтып, би билеп, кештің көркін қыздырды. Кештің ерекше сәті — лотереялық билеттер ойнатылып, оқушыларға естелік сыйлықтар табысталды.

**Мақсаты** – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, мерекелік көңіл күй сыйлау және ұжымды ұйымшылдыққа баулу.
**Іс-шараны ұйымдастырған:** 11-сынып жетекшісі Кыздарбекова Айгуль Рахимжановна және 11-сынып оқушылары. Мереке оқушылардың есінде жарқын сәттерімен қалды.







https://www.instagram.com/p/DS3BZHuDUZS/?igsh=MW5zMDQ3emZ3MWl3eg==

Әр дүйсенбі күні мектебімізде мемлекеттік әнұран🇰🇿 орындалып, оқушыларға елге деген құрмет пен патриоттық тәрбие беріледі.







https://www.instagram.com/reel/DTrlyZLghi0/?igsh=YnVvYmdicGZmbnFk

Әр сәйсенбі күні таңғы жаттығулар 1-11 сыныптарда ұйымдастырылып тұрады.








Әр бейсенбі «Таза бейсенбілік» ұйымдастырылады.











12.01.2026 жылы мектепте "Құқықтық мәдениет және оның маңызы" тақырыбында "Заң және тәртіп" құндылықтарына байланысты бірыңғай сынып сағаты ұйымдастырылды.

Іс-шараға жергілікті учаскелік полиция  қызметкері Е.Шалов қатысып, оқушыларға құқықтық мәдениеттің маңызы, заңды білу мен оны сақтау,

құқық бұзушылықтың алдын алу, сондай-ақ азаматтық жауапкершілік туралы мазмұнды ақпарат берді.

Сынып сағатының мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу және құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, пікір алмасуға белсене қатысты.





https://www.instagram.com/reel/DTaPk8Yjbgj/?igsh=MTRva2pmbTdlbnNw

13 қаңтар күні мектебімізде 1–11 сыныптар арасында «Суды үнемде» тақырыбында бірыңғай эко-сағаттар өткізілді.

Мақсаты — оқушыларға су ресурстарының маңыздылығын түсіндіру, оны үнемдеп пайдалануға баулу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Эко-сағат барысында бейнематериалдар көрсетіліп, танымдық деректермен бөлісіліп, сұрақ-жауап, пікір алмасу ұйымдастырылды.





https://www.instagram.com/p/DTcSw3XjXWc/?igsh=YWM3ZDd0bzFrcXUw

□❄ Қыста дұрыс киін – денсаулығыңды сақта!□□

Құрметті ата-аналар мен оқушылар!
Суық ауа райында балалардың жылы киінуі – денсаулық кепілі. Аязды күндері дене тез тоңып, суық тию мен тұмау ауруларына әкелуі мүмкін. Осыған орай «Қыста дұрыс киіну» тақырыбында балаларға арналған пайдалы жадынама ұсынамыз:

□ Көп қабаттап, бірақ ыңғайлы етіп киініңіз
□ Қолғап, бас киім, шарфты ұмытпаңыз
□ Аяқ киім жылы, су өткізбейтін болсын
□ Киім құрғақ және денеге сай болуы қажет
□ Далада ұзақ жүрмеуге тырысыңыз

□ Балаларға суықтан қорғанудың маңызын түсіндіріп, әрқашан жылы киінуге дағдыландырайық!












https://www.instagram.com/p/DTfCkp7jaS5/?igsh=cWg2cjNybmlybmY0

19 қаңтар 2026 жыл «Буллингтен қорған» тақырыбында сынып сағаттары өтілді. 1-4 сыныптарда









https://www.instagram.com/p/DTrnFnjgvS1/?igsh=dGh5OHU0dzc0NHd4

19 қаңтар 2026 жыл «Заң мен тәртіп» бойынша жылдық жоспарға сәйкес 5–8 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

 

https://www.instagram.com/p/DTrt9i5DbE_/?igsh=anlwZTh1YjdpdG02

19 қаңтар 2026 жыл «Заң және тәртіп» жоспарына сәйкес 9–11 сынып оқушылары арасында «Мен де өз құқығымды білемін!» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

Мақсаты:Оқушыларға Қазақстан Республикасының заңдары мен адам құқықтары туралы түсінік беру, өз құқықтары мен міндеттерін білуге, заңды құрметтеуге және құқықтық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

 



https://www.instagram.com/p/DTrvb7AjdUZ/?igsh=MWtsdjFlZmlzNGdqeg==

19 қаңтар 2026 жылы

📚7–11 сынып оқушылары үшін қыз балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығын қорғау тақырыбында түсіндіру сабақтары өткізілді.

Сабақ барысында оқушыларға жыныстық сипаттағы қылмыстар үшін жауапкершілік түсіндіріліп, жеке қауіпсіздік ережелері қарастырылды.

Ұйымдастырушылар:

 ДТІЖО – Кожахметова А.

 Мектеп медбикесі – Шамерханқызы Г.

 Оқушылардың қауіпсіздігі – бәріміздің басты міндетіміз!







https://www.instagram.com/p/DTsNR3mjTH4/?igsh=MW5rOWtnbWRiczJnMA==

20 қаңтар 2026 жылы

Кибербуллинг - бұл әлеуметтік желілерде немесе мессенджерлерде біреуді қорлау, кемсіту, қорқыту арқылы жасалатын психологиялық қысым. Ол жалған ақпарат тарату, мазақ ету, қорлайтын пікірлер жазу, бопсалау сияқты әрекеттер түрінде көрініс табуы мүмкін.

Егер сіз немесе жақындарыңыз осындай жағдайға тап болсаңыз, 102 нөміріне хабарласыңыз.

Есіңізде болсын:

Кибербуллингке жол жоқ! Әр адам құрметке лайық

https://www.instagram.com/reel/DTuDKXvAnY0/?igsh=c2p2YWg1am44enF1

 26.01.2026 ж.

«Еңбегі адал – жас өрен» жобасын іске асыру аясында білім алушылардың еңбекке деген қызығушылығын арттыру, еңбекқорлық арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында

10-сынып оқушыларымен «Менің сүйікті мамандығым» тақырыбында «Мамандықтар әлемі» бағыты бойынша тәрбие сағаты өткізілді.

 Тәрбие сағаты барысында оқушылар өз болашақ мамандықтары туралы ой бөлісіп, еңбектің қадірі мен адал еңбектің маңызын түсінді. Іс-шара оқушылардың кәсіби бағдарын айқындауға, жауапкершілік пен еңбекқорлыққа тәрбиелеуге бағытталды.

Өткізген:

10 сынып жетекшісі

Айтжанова Гульнар Кабдулаевна

 Еңбек — табыстың кілті, ал адал еңбек — жарқын болашақтың бастауы!

  

https://www.instagram.com/p/DT-S7UVjXiK/?igsh=MTltOHh5b2x1YWV4dw==

 23 қаңтар күні

Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен жоспардан тыс 5–11 сынып оқушылары арасында “Klnotime” іс-шарасы өтті 

Мақсаты:
Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың белсенділігін арттыру, бір-бірімен еркін қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау, шығармашылық қабілеттерін дамыту және ұжымдық жұмысқа баулу.

“Klnotime” оқушылардың бір-бірімен жақынырақ араласуына, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және уақытты тиімді әрі көңілді өткізуге мүмкіндік берді 

Осындай әсерлі сәттер алда да жалғасын табады! 

 



https://www.instagram.com/reel/DUCriP0Aqt7/?igsh=MWJlbGdmbnNpcjBqcw==

Өнегелі 15 минут ⏱

7-сынып оқушысы Рақымжан Ерасыл әкесімен бірге өткізген өнегелі сәтін бейнематериал арқылы көрсетті. Әкесі мен баласының бірге дойбы ойнап,

еркін әңгімелесуі – тәрбиенің, сыйластық пен отбасылық байланыстың жарқын үлгісі.
Осындай қарапайым, бірақ мағыналы 15 минут баланың ой-өрісін дамытып, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтады.
Отбасымен өткізілген әрбір сәт – болашаққа салынған берік іргетас.
☞ Өнегелі отбасы – өнегелі ұрпақ!
https://www.instagram.com/reel/DUF4THJjUte/?igsh=MXNhOXZnOHlvdXI2NA==

❄ ⛷Шаңғы жарысы – салауатты өмір салтының жарқын көрінісі! ⛷ ❄
Аудандық «Шаңғы шақырады» фестивалі аясында мектеп ұжымы мен оқушылар белсенді түрде шаңғы тепті. Іс-шара ереже талаптарына сай ұйымдастырылып, қатысушылар жас ерекшеліктеріне қарай белгіленген қашықтықтарды еңсерді.
Мұғалімдер мен мектеп қызметкерлері оқушыларға үлгі көрсетіп, спорт пен бірліктің маңызын тағы бір дәлелдеді. Таза ауа, көтеріңкі көңіл-күй және салауатты өмір салты – бүгінгі күннің басты ұраны болды.
Барша қатысушыларға белсенділігі үшін алғыс білдіреміз!
Спортпен шұғылданайық, денсаулығымызды нығайтайық! 




https://www.instagram.com/p/DUGBxj6DeW0/?img_index=1&igsh=MTB0OHdjY2hmYmR3cw==

 Біз нашақорлыққа қарсымыз! 
Мектебімізде «Біз нашақорлыққа қарсымыз» тақырыбында маңызды іс-шара өтті.
1–2, 2–4, 5–6, 7–8, 9–10 сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне сай өз қолдарынан плакаттар салып, суреттері арқылы нашақорлықтың зиянын көрсетіп, өз сөздерімен қорғады.
Кішкентайлар – денсаулық пен қуанышты,
орта буын – жаман әдеттің қауіпті екенін,
жоғары сынып оқушылары – нашақорлықтың болашаққа, қоғамға тигізер зардабын нақты оймен жеткізе білді.

Бұл іс-шара оқушылардың саналы таңдау жасауына, жаман әдеттерден аулақ болуына және салауатты өмір салтын ұстануына бағытталды.
Біріге отырып айтылған үндеу – үлкен күш!
☞ Таза өмір – жарқын болашақ!

☞ Біз нашақорлыққа қарсымыз!

 

 

https://www.instagram.com/reel/DUGCsg4jYUe/?igsh=MWhnNnc3bzd4Ymo4aw==

Заң және тәртіп айлығы аясында өткізілген іс-шара
Заң және тәртіп айлығының жоспарына сәйкес, өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен тәрбиелік-маңызы зор іс-шара өткізілді.
Іс-шараның басты мақсаты – білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға деген құрметін қалыптастыру, тәртіп пен жауапкершіліктің маңызын түсіндіру болды.
Шара барысында оқушылар белсенділік танытып, заң, құқық, тәртіп тақырыптарында өз ой-пікірлерімен бөлісті.
Мұндай іс-шаралар жас ұрпақтың саналы, жауапты және құқықтық мәдениеті жоғары азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.
Тәртіп бар жерде – тұрақтылық, заң бар жерде – әділдік!
https://www.instagram.com/reel/DUJMJokDSkQ/?igsh=MWhrZmtsNmM4dDU4Yw==

 






Көңілді өзгеріс – пайдалы білім!
3–4 сынып оқушыларымен «Көбейту кестесі сияқты қозғалыс ережелерін біліңіз» атты танымдық әрі қызықты іс-шара өтті.
Аталған шараны мектеп тәлімгері Ристан Еркегүл ұйымдастырды.
Іс-шара барысында оқушылар жол қозғалысы ережелерін көбейту кестесін жаттағандай жеңіл әрі ойын түрінде меңгеріп, өз білімдерін белсенді түрде көрсетті

Балалардың қызығушылығы артып, қауіпсіздік ережелерін есте сақтаудың маңыздылығы түсіндірілді.
👉 Қауіпсіздік – әр баланың өміріндегі ең маңызды құндылық!






https://www.instagram.com/p/DULWl8kjafh/?igsh=eXk1NHRxenB1b24z
□□ Ұлттық ойын – ұлт қазынасы! □□
Құқықтық тәртіп айлығы аясында «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» атты тәрбиелік-мағыналы іс-шара ұйымдастырылды.
Аталған шараны дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Темір Қалдыбай Мирашұлы және аға тәлімгер Ристан Еркегүл бірлесе өткізді.
Іс-шара барысында оқушылар ұлттық ойындар арқылы ептілікке, ұйымшылдыққа, әділдік пен тәртіпке тәрбиеленіп, салауатты өмір салтының маңызын түсінді □ ♂
Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру қатар жүргізілді.
👉 Ұлттық ойындар – тәрбиенің бастауы, ұрпақ санасындағы асыл мұра!
Нәтижесінде:
1. Орын Рахымжан Ерасыл
2. Орын Тұрсын Әлі
3.Орын Бопалаков Алихан






https://www.instagram.com/p/DULXBCvjVeT/?igsh=MW00OHpyaDE1ZXRjbQ==

 Бастауыш сыныптарда – көңілді үзіліс! 

Оқушылардың сергек жүруі, көңіл-күйінің көтерілуі және белсенділігін арттыру мақсатында бастауыш сыныптарда күнделікті 15 минуттық көңілді үзіліс ұйымдастырылып отырады.

Бұл үзіліс барысында балалар түрлі қимыл-қозғалыс ойындарын ойнап, жаттығулар жасап, бір серпіліп алады. Көңілді әуен, қызықты қозғалыстар – оқушыларға жаңа сабаққа тың күш пен жақсы көңіл күй сыйлайды.

Ұйымдастырушы: бастауыш сынып мұғалімдері

 Мақсаты: оқушылардың денсаулығын нығайту, белсенділігін арттыру, жағымды орта қалыптастыру

Балалардың күлкісі – біздің ең үлкен жетістігіміз! 😊

https://www.instagram.com/reel/DUNKIMeArDe/?igsh=ZHlnbTF2Y3cxODZp

 Профилактикалық бағыттағы деректі фильм көрсетілімі

2026 жылғы 30 қаңтар күні сағат 15:00-де тарих кабинетінде 7–11 сынып оқушыларына арналған профилактикалық бағыттағы деректі фильм көрсетілімі ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – білім алушылар арасында құқықтық сана қалыптастыру, құқық бұзушылықтардың алдын алу, сондай-ақ есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы теріс көзқарас қалыптастыру.

Фильм көрсетілімі барысында оқушыларға маңызды ақпараттар ұсынылып, тақырып аясында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Көрсетілім соңында оқушылар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты.

Мұндай тәрбиелік-профилактикалық іс-шаралар жас ұрпақтың саналы, жауапты азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.





https://www.instagram.com/p/DUNLBcBAqqA/?igsh=MWtjM3d3YjM4Mm0waw==

30 қаңтар мектебімізде әлеуметтік педагог Ж.Шашудың ұйымдастыруымен 8–10 сынып оқушылары арасында “Қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік” тақырыбында профилактикалық әңгімелесу ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында оқушыларға заң талаптары, құқықбұзушылықтың түрлері, олардың салдары мен жасөспірімдердің жауапкершілігі туралы түсіндірілді. Сонымен қатар өмірлік мысалдар келтіріліп, оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алды.

Мақсаты — оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу және құқықбұзушылықтың алдын алу.

Заңды білу — өз болашағыңды қорғау!





https://www.instagram.com/p/DUPftaZglyn/?igsh=YnpmamV5ejJ0cWh0

03 ақпан Көңілді өзгеріс – пайдалы білім!

Мектепалды даярлық сыбының оқушыларымен «Көбейту кестесі сияқты қозғалыс ережелерін біліңіз» атты танымдық әрі қызықты іс-шара өтті.
Аталған шараны тәрбиешісі Амиржанова Умит Ахметовна
Іс-шара барысында оқушылар жол қозғалысы ережелерін көбейту кестесін жаттағандай жеңіл әрі ойын түрінде меңгеріп, өз білімдерін белсенді түрде көрсетті
Балалардың қызығушылығы артып, қауіпсіздік ережелерін есте сақтаудың маңыздылығы түсіндірілді.
☞ Қауіпсіздік – әр баланың өміріндегі ең маңызды құндылық!





https://www.instagram.com/reel/DUTRDQpDUGc/?igsh=aDlqbGltaXowcnFw

04 ақпан күні Көңілді өзгеріс – пайдалы білім!

Шағын орталық бүлдіршіндерімен «Көбейту кестесі сияқты қозғалыс ережелерін біліңіз» атты танымдық әрі қызықты іс-шара өтті.

Аталған шараны тәрбиешісі Оспанова Сауле Хамитовна
Іс-шара барысында оқушылар жол қозғалысы ережелерін көбейту кестесін жаттағандай жеңіл әрі ойын түрінде меңгеріп, өз білімдерін белсенді түрде көрсетті

Балалардың қызығушылығы артып, қауіпсіздік ережелерін есте сақтаудың маңыздылығы түсіндірілді.

👉 Қауіпсіздік – әр баланың өміріндегі ең маңызды құндылық!





https://www.instagram.com/reel/DUVlPR0jRzu/?igsh=MWhiMmp1bnVyeW1lZA==

🎭 Бастауыш сынып оқушылары арасында театрландырылған ойын 🎭
Бастауыш сынып оқушылары арасында
«Ертегі елінің Президентін сайлау»
атты қызықты да танымдық театрландырылған ойын өткізу ұсынылады.
Бұл шараның мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ертегі кейіпкерлері арқылы көшбасшылық қасиеттерді, әділдік пен жауапкершілікті түсіндіру, сондай-ақ ойын арқылы азаматтық көзқарас қалыптастыру.
Оқушылар ертегі әлеміне саяхат жасап, өздерінің сүйікті кейіпкерлерін таныстырып, сайлау үдерісіне белсенді қатысады. Шара балаларға ерекше әсер сыйлап, есте қаларлық сәттерге толы болады.
Ұйымдастырушылар: Бастауыш сынып мұғалімдері





[https://www.instagram.com/reel/DUaVBvcDR8S/?igsh=NGp3NmluYWVmYWRw](https://www.instagram.com/reel/DUaVBvcDR8S/?igsh=NGp3NmluYWVmYWRw)

06 ақпан 2026 жылы
10–11 сынып оқушыларына арналған эссе байқауы!

Сен өз ауылыңды, қаланды, ауданыңды қалай дамытқың келеді?
Өз ойың, көзқарасың, азаматтық ұстанымың бар ма? Ендеше, бұл байқау дәл сен үшін!

🖊 Тақырып:
«Мен – аудандық мәслихат депутатығына, ауыл/қала әкіміне болашақ кандидатпын»

Бұл эсседе сен:
✔ қоғамдағы маңызды мәселелерді,
✔ өз идеяларың мен ұсыныстарыңды,
✔ болашақ көшбасшы ретіндегі көзқарасыңды еркін жеткізе аласың.

Қатысушылар: 10–11 сынып оқушылары


[https://www.instagram.com/p/DUdjiaLjWjO/?igsh=dmswa2dza3hweWRr](https://www.instagram.com/p/DUdjiaLjWjO/?igsh=dmswa2dza3hweWRr)
06.02.2026

 «Ұшқыр ой алаңы» пікірталасы өтті!
Бүгін Шапағат пікір сайыс үйірмесінде ойы терең, талқылауы өзекті пікірталас алаңы ұйымдастырылды. Қатысушылар XXI ғасыр жастары үшін аса маңызды екі тақырып төңірегінде өз ойларын ортаға салды:

 «Инноваторды тәрбиелеуде не маңызды: кітаптар арқылы сыни тұрғыдан ойлай білу ме, әлде цифрлық ортада өзін қорғай білу ме?»

 «XXI ғасырда құру: классиканы оқу ма, әлде Интернет қауіпсіздігі дағдылары ма?»
Пікірталас барысында жастар дәлел келтіріп, қарсы көзқарастарды тыңдап, өз ұстанымдарын еркін қорғады. Бұл алаң – тек сөз сайысы емес, ойды шыңдайтын, сананы серпілтетін орта болды.

 Іс-шараны Шапағат пікір сайыс үйірмесінің жетекшісі
Кайроллаева Ақбота Қуанышқызы жоғары деңгейде ұйымдастырды.
Ұшқыр ой, саналы таңдау, заманауи көзқарас – бүгінгі пікірталастың басты бағыты болды! 




https://www.instagram.com/p/DUiShw9jSSH/?igsh=MTBpb3FoZnJpbmU1bw==

 “Мамандық әлемі” тренингі өткізілді 
Мектебімізде 3-сынып оқушыларымен “Мамандық әлемі” атты танымдық-психологиялық тренинг ұйымдастырылды. Тренингті мектеп психологы Аскарова Мейрамгүл Жалеловна өткізді.
Тренингтің мақсаты – оқушыларды әртүрлі мамандық түрлерімен таныстыру, олардың қоғамдағы маңызын түсіндіру және еңбекке деген қызығушылығын арттыру. Сонымен қатар, балаларға өз қабілеттері мен қызығушылықтарын тануға бағыт-бағдар беріп, болашақ мамандық туралы алғашқы түсінік қалыптастыру көзделді.
Іс-шара барысында оқушылар мамандықтар туралы қызықты мәліметтер алып, түрлі ойындар мен жаттығулар арқылы өз ойларын ортаға салды. Белсенді қатысып, қиялдарындағы болашақ мамандық иелері туралы ой бөлісті.
Осындай жұмыстар арқылы біз жас ұрпақтың болашаққа деген сенімін нығайтып, саналы таңдау жасауына қолдау көрсетеміз.




















https://www.instagram.com/reel/DUmcygjgkei/?igsh=aXIydWZ3M2Nzbzhw

11 ақпан күні🎬 «Кітап бетбелгілері емес» фильміне сыни талдау
9–11 сынып оқушыларымен «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы негізінде
«Көремін – Ойлаймын – Қорытынды жасаймын» әдісі арқылы киноталдау жүргізілді.

- Көремін – оқушылар фильмдегі оқиғалар мен кейіпкерлер әрекеттерін нақты атап өтті.
- Ойлаймын – фильм атауының мағынасына терең үңіліп, жасөспірімдердің ішкі жан дүниесін талдады.
- Қорытынды жасаймын – әр адамның қоғамда өз орны бар екенін, ешкім «уақытша бетбелгі» емес екенін тұжырымдады.

Фильм оқушыларды:

- ойлануға
- өз пікірін ашық айтуға
- адамгершілік құндылықтарды бағалауға жетеледі.

Осындай сабақтар арқылы жасөспірімдердің сыни ойлауы, эмпатиясы және жауапкершілік сезімі дамиды.





https://www.instagram.com/reel/DUnZEoQDX9M/?igsh=N3V0d215c2owY216

11 ақпан күні

- «ХУЛИГАНКА» қысқаметражды фильмін талқылау

Кімдерге арналған: 9–11 сынып оқушылары
Формасы: тренинг элементтері бар киноталдау

Техника: «Көремін – Ойланамын – Әрекет етемін»

 Көремін

Оқушылар фильмдегі кейіпкердің әрекеттерін, оның ортасын, құрдастар арасындағы қарым-қатынасты, агрессия мен буллингтің көріністерін талдады.

 Ойланамын

– Неліктен жасөспірім осындай жолға барады?
– Оның әрекетінің салдары қандай?
– Заң алдындағы жауапкершілік қандай?

Оқушылар жасөспірім психологиясы, әлеуметтік орта әсері және құқықтық жауапкершілік туралы пікір алмасты.

 Әрекет етемін

– Буллингке жол бермеу
– Қиын жағдайға тап болған құрдасқа қолдау көрсету
– Заң талаптарын сақтау
– Өз әрекетінің салдарын түсіну

Осындай форматтағы талқылау білім алушылардың сыни ойлауын дамытып, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және қоғамдағы жауапкершілігін арттыруға ықпал етті.





https://www.instagram.com/reel/DUnZ-fEjSPN/?igsh=ZDY1bjAzMzd4eXZ0

11 ақпан күні

 Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы.

Бүгінгі өткізілген жиналыста келесі маңызды мәселелер қарастырылды:

1 Білім беру ұйымдарындағы тыйым салынған заттар туралы №235 бұйрықпен таныстыру.
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және оқу ортасын қорғау шаралары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.ДТІЖО Кожахметова А

2 Үйірме жұмыстары туралы ақпарат беріліп, оқушыларды қосымша біліммен қамту мәселесі талқыланды. ДТІЖО Кожахметова А

3 Оқушылардың сабаққа күнделікті қатысуы туралы мәселе қаралды. Жауапты: ДТІЖО Кожахметова А.

4 Мектеп психологы Аскарова Мейрамгуль Жалеловна тарапынан психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Басты мақсат – оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сапалы білім беру және қолайлы психологиялық орта қалыптастыру.

  

https://www.instagram.com/reel/DUneaHtjbGG/?igsh=MTdyazJ5Yjl6cTZ3cA==

📚“Ауғанстан асуында от кешкендер” атты кітап көрмесі ұйымдастырылды
Мектебіміздің кітапханасында Ауған соғысында ерлік көрсеткен жауынгерлерге арналған “Ауғанстан асуында от кешкендер” тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.
Бұл көрменің мақсаты – оқушыларға Ауған соғысының тарихын таныстыру, ардагерлердің ерлігі мен қайсарлығын үлгі ету, отансүйгіштікке тәрбиелеу.
Көрмеге қойылған кітаптар мен тарихи материалдар арқылы оқырмандар сол бір күрделі кезеңнің шежіресімен танысып, батыр азаматтардың өмір жолы туралы мәлімет алды.
Ауған соғысы 1979–1989 жылдары аралығында болып, оған Кеңес әскері құрамында Қазақстаннан да мыңдаған сарбаз қатысты. Бұл соғыс тарихта ауыр із қалдырды.
Көрмені ұйымдастырған – мектеп кітапханашысы Секуова Алтын Төлегеновна.



Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран!

https://www.instagram.com/p/DUsQOBaCIjT/?igsh=NDF3MXo1ejdyM2Rl

📚 «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі 📚

Мектебімізде 1–11 сынып оқушылары мен педагогикалық ұжым арасында «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі ұйымдастырылды.
Челленджің басты мақсаты – кітап оқуға деген сүйіспеншілікті арттыру, рухани құндылықтарды насихаттау және бір-бірімізге қуаныш сыйлау. Кітап – сарқылмас қазына, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын асыл мұра.
Ұйымдастырған кітапханашы Секова А.Т.,
Аға тәлімгер Ристан Еркегуль.
Челлендж барысында қатысушылар бір-біріне жүрекжарды тілектерін жазып, сүйікті кітаптарын сыйға тартты. Осындай игі бастамалар жас ұрпақтың

білімге құштарлығын арттырып, оқырман мәдениетін қалыптастыруға өз үлесін қосады.
Барша қатысушыларға алғыс білдіреміз! 
Кітап сыйлау – жүректен шыққан ең жылы сыйлық! ❤📚




https://www.instagram.com/reel/DUtRULYDYV5/?igsh=MTZia2Q5aWoxbHNrZg==

13.02.2026 жылы
 Үзіліс кезіндегі психологиялық тренинг 
Бүгін үзіліс уақытында мектеп психологы оқушылармен танымдық әрі сергіту тренингін ұйымдастырды.
Тренингтің мақсаты – оқушылардың көңіл күйін көтеру, өзара қарым-қатынасты нығайту, сенімділік пен жағымды атмосфера қалыптастыру.
Қызықты ойындар мен жаттығулар арқылы балалар бір-біріне қолдау көрсетіп, еркін пікір алмасуға мүмкіндік алды.
Мұндай іс-шаралар оқушылардың эмоционалдық дамуына, стрессті азайтуға және мектептегі жайлы ортаны қалыптастыруға үлкен әсер етеді. 
Белсенді қатысқан оқушыларға алғыс білдіреміз!
Жақсы көңіл күй – табысты күннің кепілі! 😊
Ұйымдастырушы: мектеп психологы Аскарова Мейрамгуль Жалеловна





https://www.instagram.com/reel/DUw_sKLgs54/?igsh=d2lhdzhoMDdieTZv
Бүгін мектебімізде Өзін-өзі басқару ұйымының жетекшілігімен ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған «Бұрымды қыз» челленджі ұйымдастырылды. 
Қазақ қызының көркі мен тәрбиесінің айнасы болған бұрым — әдептілік пен сұлулықтың символы. Осы челлендж арқылы біз ұлттық дәстүрімізді насихаттап, қыз баланың инабаттылығы мен көркем мінезін үлгі етуді мақсат еттік.

Челлендж эстафетасын Ажы мектебі ұжымына жолдаймыз! 
Ұлттық нақышты бірге дәріптейік!





https://www.instagram.com/reel/DUxAtrZAqCJ/?igsh=cmFpNmxieHZ0bjNm

 16.02.2026 жылы мектебіміздің 1–8 сынып оқушылары арасында «Қауіпсіз қоғам» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.
Сынып сағаттарының мақсаты – оқушыларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, құқықтық сауаттылықтарын арттыру және қоғамдағы жауапкершілікті мінез-құлықты қалыптастыру.
Іс-шара барысында:

 Жол қозғалысы қауіпсіздігі

 Өрт қауіпсіздігі

 Интернеттегі қауіпсіздік

 Буллингтің алдын алу

сияқты маңызды тақырыптар кеңінен талқыланды.
Оқушылар өз ойларымен бөлісіп, түрлі жағдаяттарды талдап, қауіпсіз қоғам құру – әр адамның жауапкершілігі екенін түсінді.
Қауіпсіздік – басты құндылық!
Бірге қауіпсіз қоғам қалыптастырайық! 

https://www.instagram.com/p/DU1B9X5CG3I/?igsh=MWpuZ2w2eTNubjZpOA==

16.01.2026 жылы

 Мектебімізде 9–10–11 сынып оқушыларымен «Темекі, вейп, алкоголь және есірткінің зияны» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.
Аталған іс-шараны мектеп психологы Аскарова Мейрамгуль Жалеловна жүргізді.
Сынып сағатының мақсаты – жасөспірімдерге зиянды әдеттердің денсаулыққа, психологиялық жағдайға және болашақ өміріне тигізетін кері әсерін түсіндіру, салауатты өмір салтын насихаттау.
Кездесу барысында:

 Темекі мен вейптің ағзаға зияны

 Алкогольдің жасөспірім денсаулығына әсері

 Есірткінің қауіпті салдары

 Зиянды әдеттердің алдын алу жолдары

кеңінен талқыланды.
Оқушылар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарын қойып, өмірлік маңызды ақпарат алды. Жастардың саналы таңдау жасап, денсаулығын қорғауы – басты мақсатымыз.

Салауатты өмір салты – жарқын болашақ кепілі!





https://www.instagram.com/reel/DU1C4XXCJBd/?igsh=MWdnaml2d2M3OW44NA==

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер (математика, физика, информатика) онкүндігі аясында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы және «SMART BALA» жобасы шеңберінде 5–6 сынып оқушылары арасында информатика пәнінен қызықты сайыс өткізілді. Сайыс барысында оқушылар логикалық тапсырмалар орындап, алгоритм құру, кодтау және цифрлық сауаттылық бойынша өз білімдері мен шеберліктерін көрсетті. Тапқырлық, жылдамдық және командалық рух үйлесім тапқан бұл шара оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік берді. Белсенділік танытып, үздік нәтиже көрсеткен барлық қатысушыларға алғыс білдіреміз!





https://www.instagram.com/p/DU6OncTDctW/?igsh=MXd0cTU4YWx1aGF0Mg==

Қызықты үзіліс
Тренинг мақсаты:
Қатысушылардың зейінін (назарын) шоғырландыру, интуициялық сезімін дамыту, ойлау жылдамдығы мен логикалық қабілеттерін арттыру, шапшаң әрі дұрыс шешім қабылдай білу дағдыларын қалыптастыру.
Қатысушылар 2-4 сыныптар

Өткізген мектеп психологі: Аскарова М.Ж
https://www.instagram.com/reel/DU9_pNRAksp/?igsh=eDU5ZXBmYnozcHpu

Мақсаты:

- Оқушылардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру
- Шапшаңдық, ептілік, төзімділік қасиеттерін дамыту

- Зейін, жылдам ойлау, реакцияны жетілдіру
- Топпен жұмыс жасау арқылы ынтымақтастық пен ұйымшылдықты қалыптастыру
- Оқушылардың көңіл-күйін көтеру, жағымды психологиялық ахуал орнату
- Салауатты өмір салтын насихаттау

Өткізген: мектеп психологы Аскарова Мейрамгуль Жалеловна




https://www.instagram.com/reel/DU_DbnogkZi/?igsh=eTIycTlvN3oyM3dh

📚Мектебімізде 1–11 сыныптар арасында қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың туғанына 180 жыл толуына орай сынып сағаттары өткізілді.

 Мақсаты: оқушыларға Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығын таныту, оның мұрасын насихаттау, ұлттық құндылықтарға деген құрмет пен қызығушылықты арттыру.

 Сынып сағаттары барысында оқушылар ақынның өмір жолымен танысып, өлеңдерін мәнерлеп оқып, өз ойларымен бөлісті.

 Жас ұрпаққа Жамбыл атамыздың даналығы дәріптеліп, рухани тәрбие берілді.

 Ұлы тұлғаның шығармалары – мәңгілік рухани қазына!





https://www.instagram.com/p/DVFzxUsjd5G/?igsh=ODJ0OTRxcmE5ZWg=

Құрметті мектеп ұжымы!

1 наурыз – Алғыс айту күні құтты болсын! 

Мектеп Президенті және Өзін-өзі басқару ұйымы баршаңызға шын жүректен алғыс білдіреді. Ұстаздарымызға – еңбектері үшін, ата-аналарға – қолдаулары үшін, оқушыларға – белсенділіктері мен талпыныстары үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Бірлігіміз нығайып, жүрегіміз жылулыққа толы болсын!





https://www.instagram.com/reel/DVSnNkegqG/?igsh=MXYxODFiNG50ODJrbg==
https://www.instagram.com/reel/DVSnNkegqG-/?igsh=MXYxODFiNG50ODJrbg==

1-наурыз алғыс айту күніне орай мектебімізде түрлі іс-шаралар өтуде.
“Балалар кімге алғыс айтады?” тақырыбындағы алғыс айту акциясы өтті.
Оқушылар, ұстаздар мен мектеп қызметкерлері бір-біріне алғыстарын білдіріп, түрлі стикерлермен алмасты😍
Мақсаты: балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту.





https://www.instagram.com/reel/DVYSeIUDTxg/?igsh=MTczdzdjMzU1YW5obA==

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай сыныптарымызда тәрбиелік мәні зор сынып сағаттары ұйымдастырылды.
Бұл күн – еліміздегі түрлі этнос өкілдерінің бір-біріне құрмет көрсетіп, ризашылығын білдіретін ерекше мереке. Қазақстан халқы үшін 1 наурыз – татулық пен бірліктің, сыйластық пен мейірімділіктің символы.
Сынып сағаттары барысында оқушылар Алғыс айту күнінің тарихымен танысып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, ата-аналары мен ұстаздарына деген ризашылықтарын жеткізді. Сонымен қатар, еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің маңызы туралы ой бөлісті.
Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойында үлкенге құрмет, кішіге ізет, отансүйгіштік пен адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.
Баршаңызды Алғыс айту күнімен құттықтаймыз!
Бірлігіміз бекем, татулығымыз тұрақты болсын!

  

[https://www.instagram.com/p/DVYstxGjQXq/?img_index=5&igsh=MmVuMjd5cmVwMG9t](https://www.instagram.com/p/DVYstxGjQXq/?img_index=5&igsh=MmVuMjd5cmVwMG9t)

02.03.2026 жылы мектебімізде "Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу" тақырыбында лекция ұйымдастырылды. Іс-шараны тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кожахметова Алия өткізді. Лекция барысында оқушыларға заң талаптарын сақтау, құқықтық сауаттылықты арттыру және жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мұндай кездесулер өскелең ұрпақтың саналы, тәртіпті азамат болып қалыптасуына.



[https://www.instagram.com/p/DVa7jcGjSjS/?igsh=MWk2a2V6cTNxYmVnYw==](https://www.instagram.com/p/DVa7jcGjSjS/?igsh=MWk2a2V6cTNxYmVnYw==)

1–4 сынып оқушылары «Жақсылық жасап жарысайық» қайырымдылық акциясына белсене қатысты.

Мақсаты:
Оқушыларды мейірімділікке, жанашырлыққа тәрбиелеу, қайырымдылық жасау арқылы адамгершілік қасиеттерін дамыту.

🛍 Оқушылар өз еріктерімен азық-түлік жинап,
мұқтаж отбасыларға көмек көрсетуге атсалысты.
Бұл – кішкентай жүректердің үлкен жақсылыққа жасаған қадамы!

Жақсылық жасау – әр адамның қолынан келеді!
Барша қатысушыларға алғыс білдіреміз!








https://www.instagram.com/reel/DVdPPgdDfvH/?igsh=cW0zZ3BkNmppOHhr

03.03.2026 жылы Заң және тәртіп айлық жоспарына сәйкес«Мен және заң» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылды

Мақсаты:

Қатысушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң тақырыптарында логикалық ойлау қабілетін дамыту және өз көзқарасын дәлелдер арқылы сауатты, мәдениетті түрде қорғауға үйрету.

Міндеттері:

1. Құқықтық білімді кеңейту – негізгі заң ұғымдарын, құқықтар мен міндеттерді түсіндіру.
2. Сыни ойлауды дамыту – берілген резолюцияны талдау, аргумент құру және қарсы тараптың дәлелдерін бағалау.

Ұйымдастырушы Шапағат дебат клубының жетекшісі  Кайролаева А.К.



https://www.instagram.com/p/DVdSc9ADbKE/?igsh=cXBsM3pzY2gwbXJ4

Ұлттық нақыш – ұлт рухы!

Мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымының бастамасымен ұлттық нақыштағы киім челленджі ұйымдастырылды. Бұл ерекше шараның басты мақсаты – оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, салт-дәстүрімізді дәріптеу және ата-бабадан қалған мәдени мұрамызды насихаттау.

Челлендж барысында оқушыларымыз қазақы ою-өрнекпен көмкерілген камзол, шапан, тақия, сәукеле сынды ұлттық киім үлгілерін киіп, өздерінің ұлттық мәдениетке деген құрметін көрсетті. Әрбір киімде халқымыздың тарихы мен терең мағынасы жатыр.
Бұл челлендж – тек сән көрсетілімі емес, ұлттық болмысымызды ұлықтауға бағытталған тәрбиелік мәні зор шара болды. Жастарымыздың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығының артуы – біз үшін үлкен қуаныш.
Ұлттық киім – ұлттың айнасы.
Өз тамырымызды ұмытпай, дәстүрімізді дәріптейік!







https://www.instagram.com/reel/DVdUNf0jTpz/?igsh=MWgwbWloM2JtbWdyNw==

2026 жылдың 04 наурыз күні мектебіміздің шағын орталығында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Аялайық Ананы» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.
Шараның мақсаты – бүлдіршіндердің бойына анаға деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін қалыптастыру. Кішкентай тәрбиеленушілеріміз аналарға арнап ән шырқап, тақпақ айтып, өз өнерлерін ортаға салды. Әрбір бала жүрекжарды тілектерін жеткізіп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.
Іс-шараны ұйымдастырған – тәрбиеші Оспанова С.Х.
Ана – өмірдің шуағы, тіршіліктің тірегі!




https://www.instagram.com/reel/DVdWrzmDaTE/?igsh=MWl4bWZpdzB1YmJ6MQ==

04.03.2026 жылы мектебімізде «Заң мен тәртіп – қоғам негізі» тақырыбында 1–11 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.
Тәрбие сағаттарының мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңды құрметтеуге және қоғамдық тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.
Іс-шара барысында оқушылар заң мен тәртіптің қоғамдағы маңызы туралы ой бөлісіп, өз пікірлерін білдірді. ⚖️




https://www.instagram.com/p/DVh8e9_glE5/?igsh=b3ptN2drOWdjOTg2

05.03.2026 жылы мектебімізде 8-сынып оқушылары арасында «Өз құқықтарыңды білесің бе?» тақырыбында зияткерлік викторина ұйымдастырылды.
Іс-шараның мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, өз құқықтары мен міндеттерін білуге баулу. Викторина барысында оқушылар түрлі сұрақтарға жауап беріп, белсенділік танытты.




https://www.instagram.com/p/DViJOcljXWs/?igsh=MWtuZDRjb2Ztb2UyZg==

06.03.2026 жылы "Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі" тақырыбында 7–10 сынып оқушылары арасында сұрақ-жауап форматында түсіндірме жұмысы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушыларға құқықтық жауапкершілік, заң талаптарын сақтау және құқықбұзушылықтың алдын алу туралы мәліметтер берілді.
Шараны әлеуметтік педагог Жолжақсы Шашу ұйымдастырып, оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, пайдалы ақпараттармен бөлісті.






https://www.instagram.com/p/DViJytxjYdB/?igsh=bHA3eTJ0c2V0eWxh

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мектебіміздің ер балалары нәзік жанды қыздарымызға жылы лебіздерін білдіріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ізгі тілектер айтылып, қыздарға құрмет көрсетілді. Көктемнің шуақты мерекесі барша аруларға қуаныш пен шаттық сыйласын! 





https://www.instagram.com/p/DViKo3MjVNy/?igsh=MXNibTBtam04bHA3Yw==

06.03.2026 жылы мектебіміздің мектепалды даярлық сыныбында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Қыз өссе – елдің көркі» тақырыбында қыздар сайысы ұйымдастырылды.

Сайыс барысында бүлдіршін қыздарымыз өнерлерін көрсетіп, өздерінің тапқырлығы мен шеберліктерін танытты. Шараның мақсаты – қыз балаларды әдептілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу, олардың бойындағы өнері мен қабілетін дамыту.

Мерекелік шара өте әсерлі өтіп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Ұйымдастырушы мектепалды даярлық сыныбының жетекшісі Амиржанова Умит Ахметовна





https://www.instagram.com/reel/DViSOgxDdzl/?igsh=d3lpd2djOTd4YW14

05.03.2026 жылы мектебімізде 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай ата-аналарға, мұғалімдерге және оқушыларға арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Оқушылар ән айтып, би билеп, жүрекжарды тілектерін арнап, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Нәзік жандыларға құрмет көрсетілген әсерлі кеш болды. 





https://www.instagram.com/reel/DVlW-2JjSzb/?igsh=MWh4dDl6aTZsb2hkdw==

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары ардагер ұстаздарды құттықтап, ізгі тілектерін білдірді. Ұстаздарға құрмет көрсетіліп, мерекелік көңіл күй сыйланды. 






https://www.instagram.com/reel/DVo_Ud1DR5I/?igsh=Mmc5d3M1MWJtcHQ0

 2026 жылғы 13 наурыз күні «Көктемгі демалыс мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету» тақырыбында аудандық ата-аналар жиналысы ZOOM платформасы арқылы онлайн форматта өтті.
Жиналысқа Бозтал ауылының ЖОББМ КММ ата-аналары қатысты.
Кездесу барысында келесі тақырыптар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді:

 «Ата-аналар мен жасөспірімдердің әкімшілік жауапкершілігі» – Даирбеков Дархан Қамитұлы;

 «Кәмелетке толмағандарға жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу» – Шаяхметова Айсулу Айтпаевна;

 «Жасөспірімдер арасындағы респираторлық вирустық инфекциялық аурулардың алдын алу» – Хусаинова Алима Ерлановна;

 «Балалардың қауіпсіздік негіздері (су тасқыны, өрт және т.б.)» – Блялов Сагыныш Аубакирович.

Ата-аналарға балалардың көктемгі демалыс кезіндегі қауіпсіздігін сақтау бойынша маңызды ақпараттар берілді.

 


https://www.instagram.com/p/DV0u_wMjQCx/?igsh=MTlzb2NvNHZkbGRlNg==

14 наурыз – Көрісу күніне орай Бозтал ауылының ЖОББМ КММ ұстаздары ұлттық дәстүрді дәріптеп, өзара көрісу рәсімін өткізді.
Ұстаздар қауымы бір-бірімен жылы жүздесіп, амандық-саулық сұрасып, ақжарма тілектерін білдірді. Бұл игі дәстүр – үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, адамдар арасындағы сыйластық пен бірлікті нығайтатын ерекше күн.
Ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтаған бұл шара ұжым арасында көтеріңкі көңіл күй сыйлап, татулық пен ынтымақтастықты арттырды.



 



https://www.instagram.com/reel/DV0u44-jea5/?igsh=dDNiejdiZmJwcGt4

16.03.2026 жылы мектебімізде «Наурыз – жыл басы» тақырыбында 1–11 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілді.
Тәрбие сағаттарының мақсаты – оқушыларға Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінің мән-маңызын түсіндіру, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу және елжандылыққа тәрбиелеу.






https://www.instagram.com/p/DV86d__jdJg/?igsh=aXFianMwNHh6MDMw

Мектебімізде “Наурызнама” тұжырымдамасына сәйкес 16 наурыз күні “Шабыт” жобасы аясында «Bauyrsaq Party» атты қызықты іс-шара ұйымдастырылып, 0–11 сынып оқушылары белсене қатысты. Оқушылар түрлі тәсілмен пісірілген бауырсақ түрлерін дайындап, оның құрамы мен дайындалу жолымен таныстырды.

Шара барысында ұлттық тағамымыз – бауырсақтың ерекшелігі айтылып, оқушылар өз қолдарымен дайындаған дәмді бауырсақтарын таныстырды.

Мақсаты:

Оқушыларға қазақтың ұлттық тағамдарын насихаттау, салт-дәстүрге деген құрметін арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту.





https://www.instagram.com/reel/DV-PDS6Ark2/?igsh=cmxrYnB0ZXlkcWc2

17.03.2026ж Наурызнама онкүндігі аясында «Берекелі шаңырақ» тақырыбында зияткерлік-танымдық шара өткізілді.

Іс-шара барысында оқушылар арасында викториналық ойын ұйымдастырылып, қатысушылар ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер мен танымдық сұрақтар бойынша білімдерін көрсетті.

Шараның мақсаты – оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, ұлттық тәрбиеге деген қызығушылығын арттыру.





https://www.instagram.com/p/DV_EUYzDVbz/?igsh=MWpqaDYyc2p6aGsydQ==

16.03.2026 жылы мектебімізде жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыс тақырыбы: «Бала тәрбиесі – отбасынан басталып, қоғамда жалғасады»
(Жауапты отбасы – қауіпсіз орта – саналы ұрпақ).
Жиналыс барысында бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігі, оқушы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері қарастырылды.
Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша 4 сынып жетекшісі Рахимова К.Г., 5 сынып жетекшісі Нурахметова Г.С., мектеп психологы Аскарова М.Ж. түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
Ата-аналарға бала тәрбиесінде мектеп пен отбасының бірлескен жұмысының маңыздылығы айтылды.





https://www.instagram.com/reel/DWB72lXgh_R/?igsh=MWJzeTRla2t4d3BwcQ==
18.03.2026 жылы Наурызнама онкүндігінің жоспарына сәйкес мектебімізде Ұлттық киім күні тақырыбында челлендж ұйымдастырылды.
Шара барысында оқушылар мен ұстаздар ұлттық киім киіп, халқымыздың салт-дәстүрін насихаттап, ұлттық құндылықтарды дәріптеді.




https://www.instagram.com/p/DWB8xfTArhI/?igsh=MXFrbHdhN29xNWM5ZQ==
18.03.2026 жылы шағын орталықта «Наурыз – жыл басы» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.
Іс-шара барысында тәрбиеленушілер ұлттық дәстүрлермен танысып, ән айтып, би билеп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.
Ұйымдастырушы: Оспанова Сауле Хамитовна.

  

https://www.instagram.com/reel/DWCE8QdDdiq/?igsh=MTl4emR6bGxjeGc5eg==

18.03.2026 жыл

22 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне орай мектебімізде мектепалды даярлық сыныбымен, 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында ұлттық ойындар ойнатылып, оқушылар салт-дәстүрімізді дәріптеп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Наурыз мейрамы – бірлік пен берекенің, татулық пен жаңарудың мерекесі.

Баршаңызға Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

  

https://www.instagram.com/reel/DWCop7YDQd7/?igsh=N3N5eGpjendsejY1

18.03.2026 жылы

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай мектебімізде «Салт-дәстүрім – асыл қазынам» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты – оқушыларға ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді насихаттау.

Ұйымдастырушы: кітапханашы Секуова Алтын Төлегеновна.



https://www.instagram.com/p/DWDYh8-ArKt/?igsh=MXVoaG55em1saW5sYw==

Ұлы дала ойындары аясында ұлттық спорт түрлерінен оқушылар, ұстаздар және ата-аналар арасында сайыстар ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты – ұлттық құндылықтарды насихаттау, салауатты өмір салтын қалыптастыру және ынтымақтастықты арттыру. Қатысушылар белсенділік танытып, жарыс жоғары деңгейде өтті.





https://www.instagram.com/p/DWGCVTDAvvE/?igsh=MTBnOWl5MndyaDM5cw==

23.03.2026 жыл

Мектебімізде "ТазаLIKE" мектеп экофестивалі аясында қайта өңдеу материалдарынан жасалған қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеде оқушылар өз шығармашылықтарын танытып, қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ерекше жұмыстарын ұсынды.

Табиғатты аялау – әрқайсымыздың міндетіміз!




https://www.instagram.com/reel/DWNs4fagm8X/?igsh=MWg3OXA4aWMwOThuYQ==

24.03.2026жыл

Мектебімізде «Сынып кабинеттерінде гүл егу, экобұрыш ұйымдастыру арқылы экологиялық тәрбие беру» бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Оқушылар сынып бөлмелерінде гүл отырғызып, экобұрыш жасап, табиғатты аялауға, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиеленуде.

Табиғатқа қамқорлық – әрбіріміздің міндетіміз!





https://www.instagram.com/reel/DWQP88kAux4/?igsh=MWhuZ3EzeHAzZXF0dQ==

25.03.2026жыл

Мектебімізде кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру мақсатында «Кітаптар айналымы» акциясын ұйымдастыру ұсынылды. Сонымен қатар, оқушылар арасында «Әжемен ертегісі» челленджі ұйымдастырылды. Аталған шаралардың ұйымдастырушысы – кітапханашы Секуова Алтын Тулегеновна. Акция мен челлендж барысында оқушылар белсенділік танытып, кітап оқудың маңызын терең түсінді. 





https://www.instagram.com/reel/DWVRw8bAlX2/?igsh=MWUxeGo3aWc5ZDIzag==

26.03 2026 жыл

Мектебімізде 5 сынып оқушыларымен «Патриоттық кино – ұрпақ тәрбиесінің құралы» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастыру. Ұйымдастырушы: әлеуметтік педагог Жолжақсы Шашу. Оқушылар белсенді қатысып, тәрбиелік мәні зор әсер алды.





https://www.instagram.com/p/DWVTXXFgu5W/?igsh=MWRudnA2NDc4Y3k1aA==

1 сәуір – Халықаралық құстар күніне орай мектебімізде «Құстар – қанатты досымыз» атты акция ұйымдастырылды. 🕊

Акция барысында оқушылар құстарға қамқорлық жасаудың маңызын түсініп, ұя жасап, жем салғыштар іліп, табиғатты қорғауға өз үлестерін қосты.

Табиғатты аялау – әрқайсымыздың борышымыз! 

  

https://www.instagram.com/reel/DWiRTrtApLA/?igsh=dDN2MTlwenQwa2t1
30.03.2026 жыл
2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күніне орай мектебімізде «Кітап – рухани қазына» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар кітаптың маңызы туралы ой бөлісіп, көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттырды.

  

https://www.instagram.com/p/DWjihCNDVmt/?igsh=MXBmbHhjbnA0N3kwag==

Екібастұз станциясындағы Көлік полиция бөлімінің бастығы полиция подполковнигі Ботин Азамат Советұлы және ПЧУ-4 бастығы Қасым Муратбек ағымдағы жылдың 2 сәуір «Темір жол аса қауіпті аймақ» профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабына сай (кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта тұрғын жайдан тыс жерде болуын) анықтау жұмыстарын жүргізу. Кәмелет жасқа толмағандармен барлық жасалатын құқықбұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу болып табылады. Құрметті Бозтал ауылының тұрғындары түнгі уақытта балаларыңызды қараусыз қалдырмауларыңызды сұраймыз.




https://www.instagram.com/p/DWntdSDaCM/?igsh=MWd1cWRwZ3hza3d3aA==

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне орай мектебімізде «Салауатты өмір салты – табысты болашақтың негізі» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында бірыңғай сабақ өткізілді.
Сабақ барысында оқушыларға салауатты өмір салтын ұстанудың, денсаулықты сақтаудың маңыздылығы түсіндірілді.
Салауатты ұрпақ – жарқын болашақ кепілі!






https://www.instagram.com/p/DW0klbyjaPy/?igsh=NjAxemd5Nm94bDAy

2 сәуір – Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күні
Бұл күн бүкіл әлемде Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күні ретінде атап өтіледі. Оның мақсаты – аутизм туралы қоғамның хабардарлығын арттыру, ерекше балаларға түсіністікпен қарау және қолдау көрсету.
Аутизм дегеніміз не?
Аутизм – бұл баланың дамуына әсер ететін ерекшелік. Ол қарым-қатынас жасауда, сөйлеуде, мінез-құлқында өзгешеліктер арқылы байқалады. Аутизмі бар балалар әлемді басқаша қабылдайды.
Аутизмнің белгілері:

- Көзге тіке қарамау
- Атына жауап бермеу
- Сөйлеудің кеш дамуы немесе болмауы
- Қайталанатын әрекеттер (тербелу, қол сермеу)
- Басқалармен қарым-қатынасқа түсу қиындықтары

Маңыздысы – түсіну және қолдау!

Аутизм – бұл ауру емес, ол ерекше даму жолы. Әр бала – қайталанбас тұлға. Оларға мейірімділік, шыдамдылық және қолдау қажет.

Біз не істей аламыз?

- Ерекше балаларды қабылдау
- Кемсітпеу, мазақ етпеу
- Достық қарым-қатынас орнату
- Ата-аналар мен мамандарға қолдау көрсету

Есте сақтаңыз:

Бірге біз мейірімді қоғам қалыптастыра аламыз!

Мектеп психолгы Аскарова М.Ж.








https://www.instagram.com/p/DW1ds4CjQKM/?igsh=ZDJ6cnB0c2J3eWQy

7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне орай мектебімізде салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектепішілік теннистен ашық турнир ұйымдастырылды.

Іс-шараны аға тәлімгер Ристан Еркегүл және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Темір Қалдыбай өткізді. Турнир барысында оқушылар белсенділік танытып, өз шеберліктерін көрсетті.

Салауатты өмір салтын ұстанайық! 





https://www.instagram.com/p/DW1l7tDc5C/?igsh=MTlkcjN5amc4ZmZjeg==

 «БІЛІМ – МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ: ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯДА АЙҚЫНДАЛҒАН БАСЫМДЫҚТАР» тақырыбында 11-сынып оқушыларымен бірыңғай республикалық сынып сағаты өткізілді. Сабақ барысында білімнің қоғамдағы маңызы, жаңа Конституцияда айқындалған басты бағыттар мен жастарға жүктелер жауапкершілік кеңінен талқыланды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, ел болашағына бейжай қарамайтын саналы азамат болудың мәнін түсінді.

 Білім – жарқын болашақтың кепілі, ал саналы ұрпақ – ел тірегі!

Сынып жетекшісі: Кыздарбекова Айгуль Рахимжановна






https://www.instagram.com/p/DW3BjCTDUVn/?igsh=MXFvNTNhZzYzd3I3NQ==

Мектеп психологы Аскарова М.Ж. 2 сәуір – Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күні аясында мектеп мұғалімдері арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Іс-шара барысында аутизм ұғымы, оның ерекшеліктері мен белгілері туралы кеңінен ақпарат берілді.

Сонымен қатар, тақырыпқа байланысты арнайы бейнероликтер көрсетіліп, мұғалімдерге аутизмі бар балалармен жұмыс істеудің маңыздылығы мен тәсілдері түсіндірілді.

Аталған іс-шараның мақсаты – педагогтардың аутизм туралы білімін арттыру, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға деген түсіністік пен қолдауды қалыптастыру.





https://www.instagram.com/p/DW3vSIEjaOP/?igsh=dG9ocGE0eG9vb3U3

13.04.2026 жыл

12 сәуір – Ғарышкерлер күніне орай мектептің 1–11 сынып оқушылары арасында тәрбие сағаттары өткізілді. Шара барысында оқушылар ғарыш әлемі, қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкерлердің ерліктері мен жетістіктері туралы мағлұмат алып, танымдық мәліметтермен танысты.

Тәрбие сағаттарының мақсаты – оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру, елжандылыққа баулу және ғарышты зерттеудің маңызын түсіндіру.

 


https://www.instagram.com/p/DXE40dWjbMU/?igsh=MXdyNzl4bTN6ZTdkbg==
15.04.2026 жылы мектебімізде «Нашақорлықтың алдын алу» тақырыбында 8–9 сынып оқушыларымен профилактикалық іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға зиянды әдеттердің адам денсаулығына, болашағына тигізетін кері әсері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы айтылды.
Шараны мектеп медбикесі Шамерханқызы Гүлира және ДТІЖО Кожахметова Алия ұйымдастырды.
Осындай жұмыстар жас ұрпақты жаман әдеттерден аулақ болып, дұрыс таңдау жасауға тәрбиелейді.

 
 https://www.instagram.com/reel/DXJqn3iGBv/?igsh=MWFzbW1jdjh3ejlveQ==
16.04.2026 жылы пікірсайыс өткізілді. Іс-шараға 7–8 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар «Мен және менің құқығым» және «Еңбекқорлық» тақырыптары бойынша өз ойларын ортаға салып, пікір алмасу жүргізді.
Шараның мақсаты – оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту, өз көзқарасын еркін әрі дәлелді түрде жеткізуге үйрету, сондай-ақ азаматтық жауапкершілік пен еңбекке деген құрметті қалыптастыру.
Іс-шараны өткізген: Ристан Е.,
"Шапағат" пікірсайыс клубының жетекшісі Кайролаева А.К.




https://www.instagram.com/p/DXPCEFNDbq4/?igsh=MWtnczgxYWd3d2toeA==
20 сәуір күні буллингтің алдын алу мақсатында 1-11 сынып оқушыларымен тәрбие сағаттары өткізілді. Іс-шараның мақсаты — білім алушыларға буллингтің зиянын түсіндіру, өзара сыйластық пен мейірімді қарым-қатынасты насихаттау. Тәрбие сағаттарында оқушыларға достық, құрмет, қауіпсіз орта қалыптастыру туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.









https://www.instagram.com/p/DXbk0lmDe1G/?igsh=MWZhaTNjdzY2c3l1eQ==
Мектебімізде адамгершілік-жыныстық тәрбие беру аясында ерте жүктіліктің алдын алу және жыныстық қолсұғылмаушылықтың алдын алу мақсатында «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» тақырыбында мектеп медбикесі Шамерханқызы Гулираның қатысуымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушыларға ерте жүктіліктің зияны, жеке қауіпсіздік, денсаулықты сақтау, құқықтық жауапкершілік және салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы түсіндірілді. Оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарға жауап алып, пайдалы мәліметтермен танысты.





https://www.instagram.com/p/DXbz8g4jf_S/?igsh=MTh5Z3Q1cGNzaWR5ag==

23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай мектебімізде кітап көрмесі ұйымдастырылды. Шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, рухани құндылықтарды дәріптеу.
Көрмені мектеп кітапханашысы Секуова А.Т. ұйымдастырды. Кітапты насихаттауға бағытталған мазмұнды іс-шара өтті.





https://www.instagram.com/p/DXdukjfDSA3/?igsh=MTNyaHI1ZGUxMzlzeQ==

Мектебімізде «Таза бейсенбі» аясында техникалық қызметкерлердің қатысуымен сенбілік ұйымдастырылып, мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Ағаштар әктеліп, аумақ тазартылып, қоршаған ортаны көркейту жұмыстары атқарылды. Тазалық — ортақ міндет!

 

https://www.instagram.com/p/DXeMHJbDerw/?img_index=3&igsh=MWs4eTNmb25sbXV5MA==

23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай еліміз бойынша «Мен оқыған 10 кітап» атты республикалық акция бастау алды.

Сіздерді Ұлттық кітап күнімен шын жүректен құттықтаймын! Кітап адамзаттың рухани қазынасы, білім мен тәрбиенің қайнар көзі. Әрбір оқылған кітап жаңа әлемге ашылған есік, ой-өрісті кеңейтетін үлкен мүмкіндік.

Оқуға деген сүйіспеншілік ешқашан сөнбесін! Кітап сіздерге шабыт, терең білім, биік мақсаттарға жетелейтін күш берсін. Білімге құштар, ізденімпаз ұрпақ болып қалыптасуларыңызға тілектеспін.

Кітаппен дос болайық, рухани байлығымызды арттыра берейік!

https://www.instagram.com/reel/DXeTgeKDZ9b/?igsh=MXM3eGoyb2ZpbTg2Mw==

Тақырыбы: «Маған ұнайды»

Мақсаты:

Балалардың өз ойы мен сезімін еркін жеткізуіне мүмкіндік беру, «маған ұнайды» құрылымы арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту, жағымды эмоцияларды қалыптастыру.

Міндеттері:

* Балаларды өзіне ұнайтын заттар, іс-әрекеттер туралы айтуға үйрету;
* Сөздік қорын байыту және байланыстырып сөйлеуін дамыту;
* Қоршаған ортаға деген жағымды қарым-қатынас қалыптастыру;
* Бір-бірін тыңдай білуге, өз пікірін құрметтеуге тәрбиелеу;
* Эмоциялық көңіл-күйін көтеру, өзіне деген сенімділігін арттыру.

Қорытынды:

Балалар «Маған ұнайды…» тақырыбы аясында өз ойларын айтып, белсенділік танытты.

Өткізген: мектеп психологы Аскарова М. Ж.









[https://www.instagram.com/reel/DXgtpMWCArU/?igsh=YjMxeTZpZXhtODZr](https://www.instagram.com/reel/DXgtpMWCArU/?igsh=YjMxeTZpZXhtODZr)

Қазақтың тұңғыш романының авторы, ақын, публицист, мәдениет және қоғам қайраткері Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл (1885-1935) толуына орай мектебімізде кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты — оқушыларды ұлт зиялысының мол мұрасымен таныстыру, кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру. Іс-шараны мектеп кітапханашысы Секуова Алтын Төлегенқызы ұйымдастырды.








[https://www.instagram.com/reel/DXhBGbJiBA4/?igsh=MzhoczltaWhyYWwz](https://www.instagram.com/reel/DXhBGbJiBA4/?igsh=MzhoczltaWhyYWwz)

Жазушы, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Сапарғали Бегалиннің туғанына 130 жыл (1895–1983) толуына орай кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты — оқушыларды қаламгер мұрасымен таныстыру, кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру. Іс-шараны мектеп кітапханашысы Секуова А.Т ұйымдастырды.







https://www.instagram.com/reel/DXhBz_gCE4Y/?igsh=MW05dDJnd2x3Ym9pcA==

25 сәуір күні «Таза Қазақстан» акциясы аясында жалпыұлттық сенбілік ұйымдастырылып, мектеп оқушылары белсенді қатысты. Іс-шара барысында мектеп аумағын тазалау, абаттандыру және қоршаған ортаны таза ұстау бағытында жұмыстар жүргізілді.

«Таза Қазақстан» акциясы — экологиялық мәдениетті қалыптастырып, жас ұрпақты тазалыққа, еңбекқорлыққа және туған жерге жанашырлықпен қарауға тәрбиелейтін маңызды бастама.





https://www.instagram.com/reel/DXhixGNjXmf/?igsh=OTYyODdkb2l3MGlr

Тақырыбы: «Көк түспен жағу» акциясы

Мақсаты:

Оқушылар арасында аутизм туралы дұрыс түсінік қалыптастыру, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға деген мейірімділік, қабылдау және қолдау мәдениетін дамыту.

Міндеттері:

* Аутизм туралы ақпарат беру, қоғамдағы қате түсініктерді азайту;
* Ерекше балаларға деген толеранттылық пен эмпатияны қалыптастыру;
* Оқушыларды бір-бірін түсінуге, қолдауға тәрбиелеу;
* «Көк түс» арқылы аутизм мәселесіне қоғам назарын аудару;
* Мектеп ішінде достық, қамқорлық және қолдау атмосферасын нығайту.

Қорытынды:

Акция барысында оқушылар аутизм туралы мағлұмат алып, ерекше балаларға деген түсіністік пен қолдау көрсету маңыздылығын түсінді.
Өткізген: мектеп психологы Аскарова М.Ж.






https://www.instagram.com/reel/DXoXC8OjSmz/?igsh=bmc1eTQ0Z3doZDNo

27.04.2026 жыл

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай мектебіміздің 1-11 сыныптарында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар достық, татулық, ынтымақ пен бірлік құндылықтары туралы мағлұмат алып, көпұлтты еліміздің бейбіт өмірінің маңызын түсінді. Бірлігі жарасқан елдің болашағы жарқын екені насихатталды.





https://www.instagram.com/p/DXrhTkdDeCG/?igsh=ZjlvbW54aHV4MzZ6

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Таза Қазақстан» акциясы ұйымдастырылып, 9-11 сынып түлектері ағаш отырғызды. Табиғатты қорғауға бағытталған игі іс оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырды.

  

https://www.instagram.com/reel/DXuVK_1DVLz/?igsh=ZHJtd2tqeXp1Z3Qz
https://www.instagram.com/reel/DXwVsWqNlrG/?igsh=eG1mbHVhdnRweXE3

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай кітапханада тақырыптық көрме ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты – оқушыларға бірлік, татулық, достық құндылықтарын насихаттау, көпұлтты еліміздің мәдениеті мен рухани байлығын таныту. Ұйымдастырушы: кітапханашы Секуова Алтын Тулегенқызы. 

 



https://www.instagram.com/p/DXrizMUjeP0/?igsh=cW82ZnVuM3FjZ3R4

 Мектебімізде 9-11 сынып оқушылары арасында “Менің болашақ мамандығым” және “Мен көшбасшымын” тақырыптарында қызықты әрі тартымды сайыс өтті!

 Сайыс барысында оқушылар өздерінің болашақ мамандықтарына деген көзқарастарын білдіріп, көшбасшылық қасиеттерін көрсете алды. Қатысушылар түрлі кезеңдерден өтіп, тапқырлығы мен білімін, жылдамдығы мен шешім қабылдау қабілетін дәлелдеді.

 Әсіресе, “Көшбасшы қандай болуы керек?” тақырыбындағы ойталқы мен жағдаяттық тапсырмалар ерекше әсер қалдырды. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, белсенділік танытты.

🏆 Сайыс қорытындысы бойынша үздік қатысушылар анықталып, марапатталды. Барлық қатысушыларға алғыс білдіреміз!

 Болашақ — білімді де білікті, көшбасшы жастардың қолында!





https://www.instagram.com/p/DXwVVwwjcS0/?igsh=bjN4NmljdDhtcWIy

1 мамыр – Халықаралық бірлік күніне орай шағын орталықта мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.
Іс-шара барысында тәрбиеленушілер достық, татулық, бірлік туралы өлеңдер оқып, ән айтып, өз өнерлерін көрсетті. Балаларға еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті мен салт-дәстүрі таныстырылып, бірлік пен ынтымақтың маңызы түсіндірілді.
Ұйымдастырушы: тәрбиеші Оспанова С.Х.
Мерекелік іс-шара жоғары деңгейде өтіп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.










https://www.instagram.com/reel/DXyEodyiCXe/?igsh=cGZqcDB2a3N1dm9i

4 мамыр күні Тақырыбы:Аутизм туралы түсінік қалыптастыру мақсатында сынып сағаты ұйымдастырылды.
Мақсаты:
Оқушыларға аутизм ұғымы туралы түсінік беру, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға деген мейірімділік, төзімділік және құрмет сезімдерін қалыптастыру.

Міндеттері:
* Аутизмнің не екенін қарапайым тілде түсіндіру;
* Аутист балалардың ерекшеліктері туралы ақпарат беру;
* Оқушылардың эмпатия, жанашырлық қасиеттерін дамыту;
* Қоғамда бір-біріне қолдау көрсету мәдениетін қалыптастыру;
* Әр адамның ерекше екенін түсіндіру арқылы толеранттылыққа тәрбиелеу




https://www.instagram.com/p/DX51hZEAsQE/?img_index=2&igsh=MWVpYWxoYzNsNzJsdw==

4 мамыр күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай мектебімізде тәрбие сағаты өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру, елін, жерін қорғауға деген құрмет сезімін арттыру.

Тәрбие сағаты барысында оқушылар Отан алдындағы борыш, ерлік пен батырлық туралы мағлұмат алып, өз ойларын ортаға салды. Сонымен қатар, еліміздің қорғаны болған азаматтарға құрмет көрсетіліп, патриоттық рухтағы әңгімелер айтылды.

Осындай тағылымды шаралар арқылы жас ұрпақтың елге деген сүйіспеншілігі нығая түседі.






https://www.instagram.com/p/DX52AsxAsxy/?igsh=MXVnYjVnaG94bjQxNw==

04.05.2026 жыл

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай

мектебімізде 1-сынып оқушыларын бірыңғай республикалық «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау салтанатты рәсімі өтті.
Іс-шара барысында жас бүлдіршіндер елге қызмет етуге дайын екендіктерін білдіріп, ұйым мүшесі атанды.
Жас ұландарға жарқын болашақ, биік белестер мен сәттілік тілейміз!

 

https://www.instagram.com/reel/DX9lDwltsZy/?igsh=MTBkdGJxbGV5eTNvNA==

5 мамыр күні 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай оқушылар арасында сынып сағаты ұйымдастырылды.
Тәрбие сағаты барысында оқушыларға Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлігі мен батырлығы туралы айтылып, Отанды сүюге, елін құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында тағылымды мәліметтер берілді.
Ерлік ешқашан ұмытылмайды!

 



https://www.instagram.com/p/DX52sV8AiyI/?img_index=8&igsh=MXhrOWtjNWI1MGQ4NQ==

6 мамыр күні “Төтенше жағдай кезіндегі эвакуация: оқушылар мен мұғалімдердің іс-әрекеті”
Мектебімізде төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында эвакуация бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында оқушылар мен мұғалімдерге төтенше жағдай туындаған кезде дұрыс әрі жедел әрекет ету жолдары таныстырылды.
Оқушыларға эвакуация кезіндегі тәртіп ережелері түсіндірілді

 Қауіпсіз бағытпен шығу жолдары көрсетілді

 Мұғалімдердің жауапкершілігі мен іс-әрекеті нақтыланды

Мұндай шаралар оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырып, кез келген төтенше жағдайда сабырлы әрі дұрыс шешім қабылдауға үйретеді.

 Қауіпсіздік – баршамызға ортақ міндет!

https://www.instagram.com/reel/DX_oTaNKu1/?igsh=MXc0dGd3NmFmOGFqdQ==

7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай мектеп кітапханасында тақырыптық көрме ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты – оқушыларға ел қорғаған батырлардың ерлігін насихаттау, Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық рухты қалыптастыру.

Көрме барысында оқушылар әскери тақырыптағы кітаптармен танысып, тарихи деректерге шолу жасады.

Ұйымдастырушы: кітапханашы Секуова Алтын Төлегенқызы.





https://www.instagram.com/p/DYALBvmjVEy/?igsh=MXcwMjQzajgxNjYzNw==

6 мамыр күні 7 мамыр — Отан қорғаушылар күніне орай мектебімізде мерекелік концерт ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар патриоттық әндер айтып, Отанға деген сүйіспеншіліктерін өнер арқылы көрсетті. Ел тыныштығы мен ер азаматтардың ерлігі дәріптелген кеш көтеріңкі көңіл-күйде өтті.

Ұйымдастырушы: аға тәлімгер Ристан Еркегүл. 







https://www.instagram.com/reel/DYD3HcPCEFQ/?igsh=MThpMHhxNGRkaTloZA==

6 мамыр күні  7 мамыр — Отан қорғаушылар күніне орай Шағын орталықта мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында бүлдіршіндер Отанға деген сүйіспеншіліктерін білдіріп, патриоттық әндер айтып, тақпақтар орындады. Мерекелік кештің басты

мақсаты — жас ұрпақтың бойына елін, жерін құрметтеу сезімін қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру.
Ұйымдастырушы: Оспанова Сауле Хамитовна.






https://www.instagram.com/reel/DYEDbHjC6Al/?igsh=MTR6MDFxNWV0NnkzdA==

8 мамыр күні 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні мерекесіне орай мектеп кітапханасында тақырыптық көрме ұйымдастырылды. Көрмеде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы батырлар ерлігі, тарихи деректер мен патриоттық рухты насихаттайтын кітаптар мен материалдар таныстырылды. Іс-шараның мақсаты – жас ұрпаққа ерлік пен елжандылықты дәріптеу, бейбіт өмірдің қадірін түсіндіру.







https://www.instagram.com/p/DYEI4y6guNB/?igsh=MTdxaTU2ZmlzdThwZg==

8 мамыр күні □□ Адал азамат — біртұтас тәрбие бағдарламасының жоспарына сәйкес “Адалдық жүректен” тақырыбында эссе байқауы ұйымдастырылды.
Байқаудың мақсаты — оқушылардың бойында адалдық, әділдік, парасаттылық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және өз ойын еркін жеткізуге баулу.
Қатысушылар эссе жазу барысында адалдықтың адам өміріндегі маңызы туралы ой бөлісіп, жүрекжарды пікірлерін жеткізді. Байқау жоғары деңгейде өтіп, оқушылардың белсенділігі мен шығармашылық ізденістері ерекше байқалды.



https://www.instagram.com/p/DYEUp7ADQGM/?igsh=MWV1a3E1NG95cGllYw==

08.05.2026 жыл Бозтал ауылының «ЖОББМ» КММ-де 7 мамыр – «Отан қорғаушылар күні» және 9 мамыр – «Ұлы Жеңістің 81 жылдығына» орай ұйымдастырылған волейболдан №4 аймақ кубогі жоғары деңгейде өтті. Жарыс барысында командалар тартысты ойын көрсетіп, спорттық шеберліктерін дәлелдеді.

🏆 Жүлделі орындар:

I орын – Тайбай

II орын – Өлеңті

III орын – Бозтал

Номинация иегерлері:

«Үздік қорғаушы» – Ақжігіт Іңкәр

«Үздік ойыншы» – Сәкенова Сайда

«Үздік шабуылшы» – Самал Ерасыл

«Үздік байланыстырушы» – Базарбай Ғалымжан

Барлық қатысушыларды жеңістерімен құттықтаймыз! Спорт – достық пен бірліктің, салауатты өмір салтының жаршысы.





https://www.instagram.com/reel/DYFOeuxtW_g/?igsh=dTh1bGJxZWplOHN6

8 мамыр күні Адал Азамат біртұтас тәрбие бағдарламасының жоспарына сәйкес 9 мамыр – Жеңіс күні мерекесіне орай, Мәлік Ғабдуллиннің 110 жылдығына арналған тағылымды іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында оқушылар батырдың ерлігі мен өнегелі өмір жолы туралы мәліметтер алып, патриоттық рухта тәрбиеленді.
Ұйымдастырушылар: ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Кайролаева Акбота Қуанышқызы және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нурахметова Гаухар Сапарбековна.





https://www.instagram.com/p/DYGWc6tglCh/?igsh=MWludXQ2aG52eTEyYg==

12 мамыр күні «Дос болайық» бағдарламасы аясында 6-сынып оқушыларының қатысуымен іс-шара өткізілді.
Мақсаты:
Оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, бір-біріне құрметпен қарауға, сыйластық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Міндеттері:
* Оқушылардың өзара қарым-қатынас мәдениетін дамыту;
* Достық, қамқорлық, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыру;
* Ұжымда жағымды психологиялық ахуал орнату;
* Бір-бірін қолдауға және түсінуге баулу.
Іс-шараны өткізген: мектеп психологы Аскарова М.Ж.





https://www.instagram.com/reel/DYP44JqIZWp/?igsh=ZWEybWJtZjJqajFu

13.05.2026 жылы мектебімізде жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Тақырыбы: «Жазғы демалыс – балалардың қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуының кезеңі».

Жиналыс барысында 2025–2026 оқу жылының қорытындылары шығарылып, жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне қатысты маңызды мәселелер қарастырылды.

 2025–2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша оқу жетістіктері, тәртіп, сынып белсенділігі және ата-анамен байланыс мәселелері талданды.

Жауаптылар: оқу ісінің орынбасары Кульжаханова Арайлым Жумакаримовна, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кожахметова Алия.

 Жазғы демалыс лагерлері мен мектеп жанындағы алаңдардың ұйымдастырылуы, оқушылардың қатысуы, уақыт кестесі және қауіпсіздік талаптары туралы ақпарат берілді.

Жауапты: Кожахметова Алия.

 Жазғы демалыс кезіндегі оқушы қауіпсіздігін сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мопед, мотоцикл, электровелосипед қауіпсіздігі, жолда жүру ережелері, түнгі уақытта көшеде жүруге тыйым, су айдындарындағы қауіпсіздік және интернет қауіптері туралы айтылды.
Жауапты: ауылдық жергілікті учаскелік полиция инспекторы Шалов Ерлан Амангелдіұлы.

 Ата-аналарға арналған психологиялық тренинг өткізілді.

Жауапты: мектеп психологы Аскарова Мейрамгуль Жалеловна.

 2025–2026 оқу жылына арналған мектеп формасына қойылатын талаптар, біркелкі киіну ережелері мен ұқыптылық дағдылары түсіндірілді.
Жауапты: Байбекова Мадина Жанатқызы.

 Бітіруші сыныптардағы (9,11) қорытынды аттестаттау кезінде ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берілмейтіні ескертілді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ашықтық пен әділдік қағидаттары түсіндірілді.
Жауапты: Кожахметова Алия.
Ата-аналарға белсенді қатысқандары үшін алғыс білдіреміз!
Бала қауіпсіздігі – баршамызға ортақ міндет.







[https://www.instagram.com/reel/DYTcvgSiByA/?igsh=MWd1Ym53dWJudzQ4bw==](https://www.instagram.com/reel/DYTcvgSiByA/?igsh=MWd1Ym53dWJudzQ4bw==)

14 мамыр күні «Таза Қазақстан» акциясы аясында мектебіміздің шаруашылық қызметкерлері мектеп ауласын тазалау жұмыстарын жүргізіп, ағаштарды әктеу жұмыстарын ұйымдастырды.
Тазалық пен тәртіпті сақтау – ортақ міндет. Осындай игі істер арқылы қоршаған ортаны таза ұстап, табиғатты аялауға өз үлестерін қосты.
Мектебіміздің көркеюіне атсалысып жүрген барлық шаруашылық қызметкерлерге алғыс білдіреміз! 

   

https://www.instagram.com/p/DYUVFp1DRYr/?igsh=bmRiNTFwaHdmNjV1

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай 6-сынып оқушыларымен «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар отбасының адам өміріндегі маңызы, сыйластық пен мейірім, ата-анаға құрмет көрсету туралы ой бөлісті. Тәрбие сағатының мақсаты – оқушылардың отбасылық құндылықтарға деген құрметін арттырып, ұлттық тәрбие мен адамгершілік қасиеттерді насихаттау.
Сынып жетекшісі: Қайрат Ақжібек.




https://www.instagram.com/p/DYWABh4ivAL/?igsh=MTJwdXdmbGZhYms2eg==

13.05.2026 жыл

Адал азамат – Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларымен тәрбие сағаттары өткізілді.
Тәрбие сағаттарының мақсаты – жаз мезгілінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау, жолда жүру ережелерін, су айдындарындағы қауіпсіздік талаптарын, өрттің алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен қоғамдық орындардағы тәртіп ережелерін түсіндіру.
Оқушыларға жазғы демалысты қауіпсіз әрі пайдалы өткізу жөнінде кеңестер берілді.
Жауапты: сынып жетекшілер.








[https://www.instagram.com/p/DYXJNgYDWuC/?img_index=2&igsh=MXZnNjV6OWd5YXhkZg==](https://www.instagram.com/p/DYXJNgYDWuC/?img_index=2&igsh=MXZnNjV6OWd5YXhkZg==)

2026 жылдың 20 мамыр күні 4-сынып оқушыларымен «Бастауышпен қоштасу» атты салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, ән айтып, би билеп, бастауыш сыныппен қимастықпен қоштасты.

Бұл кеш – оқушылардың бастауыштағы жарқын сәттерін еске алып, алдағы білім жолына сеніммен қадам басуына арналған ерекше мереке болды.

Ұйымдастырушы: сынып жетекшісі Рахимова Куралай Гайратовна.










[https://www.instagram.com/reel/DYmvIuJNND3/?igsh=OGRndXJjdTNwZGVt](https://www.instagram.com/reel/DYmvIuJNND3/?igsh=OGRndXJjdTNwZGVt)

21 мамыр күні Адал азамат – Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай 5-сынып оқушыларымен тағылымды іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында оқушылар халқымыздың басынан өткен ауыр кезеңдер туралы мәлімет алып, жазықсыз жапа шеккен жандарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Тарихи сананы қалыптастыру, өткенге құрмет көрсету және отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында түрлі танымдық жұмыстар жүргізілді.

Ұрпақ жадында тарих тағылымы әрдайым сақталады.




https://www.instagram.com/p/DYmKPrEt7Zz/?igsh=MWtzcHc2cHVjZTRxZg==

22 мамыр күні Ақмола облысының білім басқармасы мен Ақмола облысы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті ұсынған вакцинация тақырыбындағы ақпараттық бейнематериалдар білім алушыларға таныстырылып, көрсетілді.

Іс-шара барысында оқушыларға вакцинацияның маңыздылығы, жұқпалы аурулардың алдын алу жолдары және денсаулықты сақтау мәдениеті туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Бейнематериалдар LED-экран арқылы көрсетілді



https://www.instagram.com/p/DYl3D3nDftp/?igsh=MXVsM280aHBrM2w0aw==

22 мамыр күні Білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, интернет-алаяқтықтың, есірткіге тәуелділіктің, алкоголизмнің, лудоманияның, буллингтің және өзге де зиянды әрекеттердің алдын алу мақсатында деректі фильмдер мен әлеуметтік бейнероликтердің көрсетілімі ұйымдастырылды. Көрсетілім барысында оқушыларға интернет қауіпсіздігі, жеке деректерді қорғау, зиянды әдеттердің зардаптары, заң алдындағы жауапкершілік және қауіпсіз мінез-құлық қағидалары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шараның мақсаты – жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, саналы өмір салтын қалыптастыру және қауіптің алдын алу.



https://www.instagram.com/p/DYmKf8kjWJx/?img_index=4&igsh=OGNwenFuZzlmYmN5

2026 жылдың 22 мамыр күні мектебімізде 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша олимпиада жеңімпаздары мен түрлі іс-шараларға белсенді қатысқан оқушыларды марапаттау рәсімі ұйымдастырылды.
Іс-шара барысында білім мен өнерде, қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытқан оқушылар демеушілердің қолдауымен арнайы сыйлықтармен, мадақтау қағаздарымен марапатталды.
Жас жеткіншектердің жетістіктері — мектеп мерейі. Оқушыларымызға алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, толағай табыстарға жете берулеріне тілектеспіз!
Демеушілік көрсетіп, оқушыларға қуаныш сыйлаған жандарға алғысымызды білдіреміз!



https://www.instagram.com/p/DYo1B6vDbOY/?igsh=eTd4cTV5NmJib3Ri

25 мамыр күні 1–11 сынып оқушыларымен «Заң және тәртіп – халықтық Конституция құндылықтары» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді.
Тәрбие сағаты барысында оқушыларға заңды құрметтеу, тәртіп сақтау, Конституцияның маңызы мен адам құқықтары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, құқықтық сауаттылықтарын арттырды.
Мақсаты – жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастырып, ел заңын құрметтеуге тәрбиелеу.





https://www.instagram.com/p/DYwSwlFDd0H/?igsh=aGYzcG9wamg1b2oy

25 мамыр күні «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» атты мерекелік салтанатты іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында мектеп бітіруші түлектерге ақ жол тілектер айтылып, оқу озаттары мен белсенді оқушылар марапатталды. Сонымен қатар мерекелік кеште оқушылар ән айтып, би билеп, ұстаздарға деген ыстық ықыластарын білдірді.

Салтанатты шара әсерлі сәттерге толы болып, түлектерге ерекше көңіл-күй сыйлады. Барша түлектерге сәттілік пен жарқын болашақ тілейміз!


